



№27

/Сәрсенбі/

04 шілде 2018 ж.


www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙГЕАҚ

М Е Д И А

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?



ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласына жұмыс сапарымен келді. Сапары барысында Түркістан аймағын дамыту перспективалары туралы комиссияның бірінші отырысына қатысып, қаланың даму жоспарымен танысты. Жаңа облыс орталығының даму жоспарымен таныстырған Ж.Түймебаев Елбасы тапсырмасын орындау мақсатында арнайы штаб құрылғанын атап



салу, инфрақұрылымын дамытуға және туризм индустриясына басымдық берілу қажет. Рухани қалаға зиярат ету үшін, жылына 1 миллионнан астам адам келеді. Оның ішінде 160 мыңдайы шетелдіктер. Осы орайда, облыстың туристік потенциалын толық іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында, Түркістан қаласында халықаралық әуежай мен Түркістан-Шымкент, Түркістан-Ташкент жүрдек поезын ашу да маңызды. Жақын шетелдермен туристік байланысты нығайту үшін, халықаралық автовокзал құрылысын қарастыруды да жөн деп санаймыз. Сонымен қатар, 8-10 айда негізгі өкімдік ғимараттарын аяқтап, оған дейін мемлекеттік қызметкерлердің баспана жалдау жайын мемлекет есебінен шешу мәселесін ұсынамын. Қысқа мерзімде көпқабатты тұрғын үйлерді салуға еліміздегі ең ірі құрылыс компаниялары қызығушылық танытып отыр. Бүгінде көшірушығындары мен қажетті ғимараттар мен баспана және өзге де мәселелер толығымен есептеліп отыр. Инфрақұрылымдық және транспорттық-логистикалық жүйелер зерттелді. Түркістан еліміздің батыс өңірлерін көкөніспен, азық-түлікпен қамтамасыз ететін орталыққа айналған.

Асқар Маминге сонымен қатар, жаңа өкімшілік-іскерлік орталықты дамыту жобасы, жол, құрылыс инфрақұрылымдарын одан әрі жаңғырту жұмыстары баяндалды.

Мәселен, жаңадан жасалған бас жоспарға сәйкес қала аумағының көлемі 35 мың гектарға ұлғайған. Ал, Түркістан қаласының шығыс бөлігінен жаңа қалашық салу үшін, 670 гектар жер бөлініп отыр. Оның 170

гектар болатын аумағына өкімшілік-іскерлік орталық салынса, 300 гектарына көп қабатты тұрғын үйлер тұрғызылатын болады. Аталған қалашықта 65 мыңға жуық тұрғын тұрады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, жаңа жоспарға сәйкес инфрақұрылымдық жүйелерді және көліктік-логистикалық бағытты дамыту жолдары қарастырылуда.

Бұдан бөлек, таныстырылым барысында «Көне Түркістан» тарихи бөлігін жаңғырту жобасы туралы баяндалды. Жоба Қ.А.Яссауи кесенесі маңындағы қорғандарды реконструк-

циялауға бағытталған. «Көне Түркістан» жобасының негізгі идеялық мәнін іске асырудың 2 нұсқасы ұсынылып отыр. Оның біріншісі «Түрксой» ұйымына мүше елдердің мәдени ошақтарын нақты тарихи сипатта, өзіндік сәулеттік нақышта қалыптастыру жөнінде жобалық ұсыныстарын алу және сол елдерге тиісті нысандарды салдыру. Екінші нұсқада түркітілдес елдер тарапынан инвестиция салу мәселесімен қатар отандық немесе басқа да инвесторларды тарту жұмыстарын қоса жүргізу қаралған.

Қаланың даму жоспарымен танысқан Асқар Мамин аталған жұмыстардың орындалуы Үкімет тарапынан қадағаланаты-

нын айтып, Мемлекет басшысы тапсырмасын тиісті деңгейде жүзеге асыру үшін Үкіметтен мейлінше қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Сапары барысында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин Түркістан қаласы өкімдігінің жұмысымен және мемлекеттік қызметкерлерге арналған жатақханамен, сондай-ақ, қолданыстағы темір жол вокзалын аралап көрді.

«Түркістан қаласын ауыз сумен, газбен, жылумен, электр қуатымен қамту, сонымен қатар, көріз жүйесінің құрылысы жобалары мен Түркістан және Кентау қалаларында көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын

Жалғасы 2-ші бетте >>>

ОБЛЫСТЫҢ “ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАРЫНЫҢ” ЕСІМДЕРІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

19 маусым күні Мемлекет басшысы облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру және Оңтүстік Қазақстан облысының атауын Түркістан облысы деп өзгерту туралы Жарлыққа қол қойғандығы белгілі. Міне, осындай тарихи оқиғадан соң, ағымдағы жылдың 21 маусымында алтыншы шақырылымдағы облыстық мәслихатының кезектен тыс жиырма бесінші сессиясы өтіп, күн тәртібінде 18 мәселе қаралған болатын. ОҚО-ның әкімі лауазымынан тарихи өзгеріске байланысты Түркістан облысының әкімі болып тағайындалған Жансейіт Түймебаев қатысқан бұл жолғы сессияның күн тәртібіндегі мәселелерді депутаттар қайта қарап жатпады. Себебі, тұрақты комиссияда таразы талқысына түскен мәселелер егжей-тегжейлі талқыланды болатын.



Н.БАЛҚИЯҰЛЫ



Қ.БАЛАБИЕВ



С.ҚУАШБАЙ



Ә.БЕКТАЕВ



И.ХАШИМЖАНОВ



С.ИБРАГИМОВ



Бауыржан Омарбеков –
Төлеби ауданының әкімі

Түркістан облысының Төлеби ауданына жаңадан әкім тағайындалды. ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі және аудандық мәслихаттың келісімі бойынша облыс әкімі Жансейіт Түймебаев бұл қызметке Бауыржан Омарбековты тағайындады.

Әкімді аудан активіне арнайы таныстырған аймақ басшысы алдағы жұмысына сәттілік тілей отырып, Мемлекет басшысы бекіткен бағдарламаларды сапалы түрде жүзеге асыруға және ауданның өлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындардың, оның ішінде жастардың жұмысқа орналасуын басты назарда ұстау қажеттілігін айтты. Сонымен бірге, ауданның дамуына өз үлесін қосқан бұрынғы әкім Бұхарбай Пармановқа алғысын білдіріп, алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

«Ауданда тұрғын үймен қамту, ауыл шаруашылығын және туризмді дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Енді жаңа әкім осы бағыттағы жұмыстарды жеделдетіп, сапалы түрде атқару қажет. Сонымен қоса, барлық саланы цифрландыру жүйесіне көшіруді басты назарға алған жөн. Ақпараттық технологиялар қарыштап дамып бара жатқан мына заманда IT саласын дамытпасақ, дамыған 30 елдің қатарынан көріну қиын. Өйткені, өркениетті елдердің барлығы осы цифрлы жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуын және халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді. Бұл жұмысты үйлестіруде жаңа тағайындалған әкімнің тәжірибесі мен біліктілігі жетеді деп ойлаймын. Бұдан бөлек, тұрғындарды ауыз су және көгілдір отынмен қамту және еңбек ресурстарын реттеп, халықты жұмыспен қамту жұмыстарын күшейтуді тапсырамын», - деді әкім.

Б.Омарбеков 1983 жылы туылған, білімі жоғары, мамандығы бойынша экономист. Еңбек жолын 2005 жылы «Қазкоммерцбанк» АҚ Шымкент филиалы бөлшек бизнесін дамыту секторының клиенттермен жұмыс жүргізу менеджері болып бастаған. 2006-2015 жылдары аралығында «Қазкоммерцбанк» АҚ Шымкент филиалы № 814 операциялық бөлімінің тұтыну несиелерін сату бөлімінің менеджері, «БанкТуранАлем» АҚ ОҚФ несиелі секторының меңгерушісі, «Альянс Банк» АҚ директорының бөлшек бизнесі бойынша орынбасары, «Кәсіпкерлікке қызмет көрсету орталығы» ЖШС-нің директоры қызметтерін атқарған.

Ал, 2015-2016 жылдары аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы басшысының орынбасары, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің кеңесшісі қызметін атқарған. 2016 жылдың шілде айынан бастап Ордабасы ауданы әкімінің орынбасары лауазымында еңбек етіп келген.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Енді бұл тиімді бағытта жаңа деңгейде дамытуды қолға алуды қарастырамыз.

Себебі, Түркістанда ауыл шаруашылығын дамытуға климаттық жағдай өте ыңғайлы. Елімізді, әсіресе батыс аймақтардың көкөніске деген сұранысын қамтамасыз ету үшін жұмыстар барынша күшейтілетін болады. Түркістан облысының жаңадан құрылуына байланысты осындай ерекшеліктерді қамти отырып, өңірдің өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін қайта қарастыруымыз қажет», - деді Ж.Түймебаев.

Көне шаһар Түркістанның облыс орталығы мәртебесін алуы үлкен жауапкершілік пен міндетті жүктеп отырғанын айтқан қала әкімі Ө.Өсербаев қаланың даму динамикасы мен логистикалық мүмкіндігін арттыру және инфрақұрылымын жетілдіру қажеттілігі туындап отырғанын жеткізді.

«Бүгінде қала тұрғындарының 94 пайызы орталықтандырылған таза ауыз су жүйесімен қамтамасыз етілген. Алайда, облыс орталығы болуына байланысты, қала халқының саны 250 мыңға дейін өскен жағдайда, қажетті су көлемі тәулігіне 50 мың кубты құрайды.

Келешекте қаланы толыққанды ауыз сумен қамтамасыз ету үшін, жаңа су қоймалары салыну қажет. Бүгінгі таңда қала халқының 26,4 пайызы көгілдір отынмен қамтылған болса, тиісті қаржы бөлінген жағдайда 2019 жылдың соңында тұрғындары толығымен газбен қамтылады. Ал қаламыздағы жалпы ұзындығы 23 шақырымды құрайтын басты көшелерінде кептелістер орын алуы мүмкін. Сондықтан, да алдағы уақытта көшелердің енін 12-18 метрге дейін кеңейту қажеттілігі туындауда. Бұдан бөлек, республикалық маңызы бар «Батыс Европа-Батыс Қытай» дәлізі қаланың ортасынан өткендіктен, қала тұрғындары мен қонақтарының жолда жүру қауіпсіздігін қамтасыз етуге кері әсерін тигізуде. Осы ретте, қала ішінде орналасқан 18 шақырым республикалық

маңызы бар жолды қала сыртына көшіру қажет», - деді Ө.Өсербаев.

Отырыста сөз алған ҚР Инвестициялар және даму вице-министрі Қ.Өскенбаев Түркістан қаласын дамыту бойынша жасалып жатқан жаңа бас жоспарды 2 кезең бойынша жүзеге асыруды ұсынды.

«Біріншісі түркі өлемінің мәдени рухани орталығы және Түркістан облысының орталығы ретінде Түркістан қаласының бас жоспары тұжырымдамасын үздік нұсқасына халықаралық конкурс ұйымдастырылатын болады. Сондай-ақ, Астана қаласының салу тәжірибесін ескере отырып, қаланың тұжырымдамасын техникалық тапсырмасы мен бас жоспарын әзірлеу үшін, Астана бас жоспарын тартуды немесе Түркістан қаласында филиалын құруды ұсынамын. Екінші кезеңде қабылданған 2050 жылға дейінгі тұжырымдаманы ескере отырып қаланы дамытудың егжей-тегжейлі ұсыныстары қамтылған бас жоспарды әзірлеуге кірісу. Бас жоспарды сәтті әзірлеу үшін, облыс орталығы ретінде Түркістан қаласын дамытудың жол картасын әзірленген жобасына сәйкес барлық мүдделі мемлекеттік органдардың белсенді қатысуы қажет», - деді Қ.Өскенбаев.

Түркістан қаласының дамуы бойынша кешенді шаралар қабылдау міндеті тұрғанын айтқан ҚР ұлттық экономика вице-министрі А.Жұмағұлов жалпы экономикалық көрсеткіштер бойынша облысты қайта қарау керек екеніне тоқталды.

Оның айтуынша, жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім бойынша бүгінгі күндегі көрсеткіш 1 млн теңгенің төңірегінде екен. Бұл көрсеткіш Республика бойынша ең төменгі көрсеткіш деп айтсақ болады. Сол себепті жалпы экономика бойынша кешенді жұмыстар қарқынды жүру керек екені көрсетіліп отыр деді.

Елбасы тапсырмасына сай тиісті жоспар жасап, ұсыныс енгізуді сала жетекшілеріне жүктеді.



Бұл аптада кімдер туылған?

07. 07. 1967 ж
Нұралы Әбішев

Облыстық мәслихаттың депутаты, «Комби-строй-1» ЖШС-нің директоры

07. 07. 1945 ж
Сергей Харченко

«Костанайские новости» газетінің бас редакторы, социология ғылымдарының докторы, профессор, академик

08. 07. 1958 ж
Жансейіт Түймебаев

Түркістан облысының әкімі

08. 07. 1950 ж
Икрам Адырбеков

ҚР Парламент Сенатының депутаты

10. 07. 1949 ж
Шәріпбек Жамалбеков

«Нұр Отан» ХДП ОҚО филиалы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты

10. 07. 1953 ж
Талғат Баймаханов

Облыстық мәслихаттың депутаты, «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Шымкент мұнай құбырлары басқармасының бастығы

10. 07. 1964 ж
Нұрлан Қадырқұлов

ҚХП ОҚО филиалының бірінші хатшысы

Құрметті туылған күн иелері!

Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

ОБЛЫСТЫҢ “ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАРЫНЫҢ” ЕСІМДЕРІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Мәселен, күн тәртібінде облыстың «Құрметті азаматы» атағын беру туралы мәселе де тізім бойынша бір ауыздан қолдау тапты. Сонымен қатар, өңіріміз бойынша түрлі салада еселі еңбек еткен 25 азаматқа «Құрметті азамат» атағын беру туралы шешім мақұлданған болатын. Сонымен, шілденің 3 күні Құрметті атақты табыстау рәсімі өтті. Елордамыз - Астананың 20 жылдық мерекесіне арналған «Асқақтай бер Астана!» атты гала-концертінде 25 азамат облыстың Құрметті азаматы атанды. Олар:

Жарылқасын Өзіретбергүл - Түркістан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы;

Әтірхан Шыңғысбаев - Төлеби аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы;

Сатыбалды Ибрагимов - еңбек ардагері;

Нуридин Балқияұлы - Алматы «Теміржол көлігі жоғары колледжінің» директоры;

Ағабек Сүгірәлиев - еңбек ардагері;

Қайрат Балабиев - Облыстық мәслихат хатшысы;

Саттар Қуашбай - Облыстық мәслихат депутаты;

Икрам Хашимжанов - Қазақстан өзбектері достық қауымдастығының төрағасы;

Бейбіт Шүменов - кәсіпқой боксшы;

Сапарбай Өтемісұлы - Қазақстан Республикасының

Еңбек сіңірген өртісі;

Ақсұлтан Аманбаев - еңбек ардагері;

Әли Бектаев - ҚР Парламент Сенатының депутаты;

Төлеген Жұмабеков - ҚазМУББУ «Балалар және неонаталды анестезиология реаниматология» кафедрасының меңгерушісі;

Тойым Жүнісов - еңбек ардагері;

Базарбай Кучаров - еңбек ардагері;

Жарқынбек Құлбайымбетов - еңбек ардагері;

Сайлаубай Мырзабаев - еңбек ардагері;

Оразалы Омаров - еңбек ардагері;

Уалбай Өмірбаев - Қазақстандық математик-алгебрист,

физика-математика ғылымдарының докторы;

Ерментай Сапарбаев - еңбек ардагері;

Камардин Сәрсенбеков - еңбек ардагері;

Владимир Сосюра - «Саутс Ойл» ЖШС президентінің құрылыс жөніндегі кеңесшісі;

Ділдәбек Тойжанов - еңбек ардагері;

Серік Төкей - «Қазақ күресі» Бүкіләлемдік федерациясының бірінші вице-президенті

тағы басқалар.

Нұржамал Үсенбаева - Абай атындағы опера және балет театрының өншісі.



«АЙҒАҚ» АРНАСЫ «ҮЗДІК ТЕЛЕАРНА» АТАНДЫ

2011 жылдың 20 қазанында Елбасы Жарлығымен маусым айының 28 жылдығы - «Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні» болып ресми түрде белгіленді. Осыған орай, Түркістан облысында Ақпарат және байланыс қызметкерлерінің кәсіби мерекесі биыл кең ауқымда аталып өтті. Түркістан облысының тұңғыш өкімі Жансейіт Түймебаев әсем табиғаты көз тундырар Төлеби ауданында ұйымдастырылған салтанатты шарада журналистерді ме-

рейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Мерекелік дастархан жайылып, еселі еңбектерімен көзге түскен бірқатар БАҚ өкілдері облыс әкімінің грамотасы мен арнайы алғыс хаттарымен марапатталды. Халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, билік пен бұқара арасындағы алтын көпір бола білген ақпарат саласының қызметкерлері қай кезде де халық сеніміне ие. Осы орайда, мерекелік шара барысында Түркістан облысындағы

өзірленген арнайы 500 мың теңгенің қаржылай сертификаттары тапсырылды. БАҚ саласында ұзақ жылдар бойына еселі еңбек еткен ақпарат саласының бірқатар ардагерлері аймақ басшысының қолынан «Облысқа сіңірген Еңбегі үшін» медаліне ие болды. Олардың арасында арнамыздың тәжірибелі операторы Агабек Қазанбай да бар. Сонымен бірге, бұл күні журналистика саласында тер төгіп жүрген «Айғақ» республикалық газетінің бас редакторы Ұлжан Наушабаева облыс

өкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сонымен қатар, салтанатты кеште БАҚ қызметкерлері Облыс мәслихатының, «Нұр Отан» партиясы Түркістан облыстық филиалының Грамоталарымен және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Алғыс хаттарымен, ҚР Журналистер Одағы облыстық филиалының арнайы сыйлықтарына ие болды. Марапат иелерінің арасында «Айғақ» телеарнасының редакторлығы Гулжан Нұрланқызы, Бағлан Байкөбекқызы, Салтанат Тойболова және Жомарт Бегімбеттер бар.

Сондай-ақ, облыс өкімі қоғамдық ойды қалыптастыруда жағымды жаңалықтардың жаршысы болып жүрген үздік аудандық газет- Бөйдібек аудандық «Алғабас» газетінің редакторы Абзал Әділбеков марапатталды.

«Журналистің жегені - жантақ, арқалағаны - алтын» - дейді жазушы Шерхан Мұртаза. Халықтың тіршілігінен, әлеуметтік әл-ауқатынан, руханияты мен қоғам тынысынан хабар тарататын қалам иелері кәсіби мерекені осылайша дүркіретіп тойлады.

«Халықтың көзі» БОЛҒАН ТЕЛЕАРНА



Дана халқымызда «Сын түзелмей, мін түзелмейді» - деген қанатты сөз бар. Қоғамдағы келеңсіздіктер мен кемшіліктер, теріс көзқарастар және пікірлер қай кезде де болары анық. Бастысы- сол сынның шығу тегі мен шешуші жолын таба білу бұл үлкен парасаттылық пен пайымды қажет ететін дүние. Бұл тұрғыдан алғанда сөз- қоғам алдында жауапкершілігінің жүгін сезінген журналистер қауымының алар орны ерекше. Осыны ескерген шырайлы Шымшаһардың Әкімі Ғабидолла Әбдірахымов БАҚ өкілдерін кәсіби мерекесімен құттықтап, өзінің ыстық лебізін білдірді.

Сонымен бірге, Бұқаралық ақпарат өкілдерінің төл мерекесінде қала өкімі жедел әрі шынайы ақпарат таратып жүрген журналистер қауымына сый- сияпат жасады. Төл мерекеледе жағымды жаңалықтарымен және арнайы түсірілімдері арқылы көкейге терең ой тастайтын «Айғақ» арнасы үздік деп танылды.

Салтанатты шара барысында қаламы қарымды тілшілер дайындаған материалдары арқылы халықтың көңілінен шыққан телеарналарға ең үздік 20 -дан аса номинация табысталды. Мерекелік іс-шарада тек ел аумағында ғана емес дүниежүзін аралап жүріп жасаған арнайы түсірілімдері арқылы көпшіліктің көз айымына айналған «Айғақ» телеарнасы «Халықтың көзі» номинациясын жеңіп алды.

Журналистика- саласы баспасөз, радио, теледидар, кино, интернет сияқты ақпарат құралдары арқылы елдегі және әлемдегі жаңалықтармен оқиғалар саяси әлеуметтік мәселелер туралы жұртшылыққа мағұлмат беріп қоғамдық пікір қалыптастыратын қызмет түрі. Салтанатты шара барысында қызығы мен қиындығын қатар алып жүрген аталған сала мамандары мерекелік марапаттарға ие болды.

КИЕЛІ МЕКЕНДЕ ҚМДБ ӨКІЛДІГІ АШЫЛДЫ

Түркістан облысының орталығында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тұрақты түрде жұмыс істейтін ҚМДБ өкілдігі ашылды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Серікбай Ораз, ҚР Қоғамдық даму вице-министрі Арын Берік және облыс өкімі Жансейіт Түймебаев пен облыс ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері, мешіт имамдары өкілдіктің ашылу салтанатына қатысып,

бұл өнегелі істердің ұйытқысына айналар игі бастама болғалы тұрғанын жеткізді.

«Қасиетті Ислам дінін қадір тұтып, өмірінің басты мақсатына айналдырған өңіріміздің әрбір мұсылманы үшін орны ерекше өкілдіктің ашылуымен құттықтаймын! Қасиетті де киелі Түркістанда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тұрақты жұмыс жасайтын өкілдігінің ашылуы Ислам дінінің өркендеп өсуіне, діңгегінің нығая түсуіне оң ықпалын тигізетініне біздің сеніміміз мол,-деді өңір басшысы Ж.Түймебаев.

Шарада сөз алған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Серікбай қажы Ораз тарихи оқиға – Түркістан облысының дүниеге келуімен құттықтап, ашылып отырған басқарманың өкілдігі Ислам дінінің өркендеуі жолында жұмыс атқаратынына сенім артты.

«Түркістан – түркі жұртының темірқазығы, түркі мұсылмандығының ордасы, алты Алаштың жүрегі! Түркістан – бабалар қалдырған киелі мекен. Бұл-біздің асыл діңгегіміз,



рухани кіндігіміз! Осынау қасиетті жерде халқымыздың руханияты үшін қызмет ететін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының арнайы өкілдігін ашып отырмыз. Бұл киелі Түркістан өңірінің одан әрі рухани дамуына қызмет етіп, рухани астана мәртебесінің тереңдей түсуіне сүбелі үлесін қосатын болады, – деді Серікбай қажы Ораз.

Сонымен қатар, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфтидің найб имамы және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Түркістан облысы бойынша өкіл имамы болып Наурызбай қажы Тағанұлы тағайындалды.

ҚМДБ -халқымыздың руханияты үшін қызмет ететін маңызы ерекше өкілдік болары анық. “Іске сәт”-дейміз!

Түркістан облысында 2017-2018 оқу жылында 33765 оқушы 11 сыныпты төмамдады. Ұлттық бірыңғай тестілеуге 33765 бітірушінің 22417-сі өтініш беріп, оның 22091-і тестілеуге қатысқан. Жалпы өткен жылмен салыстырғанда, сынаққа қатысқандар саны 800 оқушыға артқан. 326 оқушы тестілеуге қатыса алмаған. Оның 304-і өз өтінішімен, 22-сі денсаулығына байланысты сынақтан қалыс қалған. Бүгін бұл туралы ОҚО өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Исатай Сағындықов мәлім етті.

ОБЛЫСТА 5 МЫҢНАН АСТАМ ТҮЛЕК 100-ДЕН АСА БАЛЛ ЖИНАДЫ



Оның сөзінше, биыл ҰБТ-ның қорытындысы бойынша облыс түлектерінің орташа балы – 79,6-ны құраған.

«Жалпы өңірімізде 5267 оқушы 100-ден аса балл жинады. Бұл жалпы тестілеуге қатысқандардың 23,9 пайызын құрайды. Ал, өткен жы-

лы бұл көрсеткіш 3641 болған.

Бұл-биылғы жылмен салыстырғанда 7 пайызға артты деген сөз. Ал, 2755 оқушы шекті деңгейден өтпеді. Ал, 2017 жылы шекті баллды жинай алмаған 3249 оқушы болғанын ескерсек, бұл көрсеткіш 3,5 пайызға кемігенін аңғаруға болады», – деді Исатай Өмірзақұлы.

Сынақ кезінде ҰБТ ережесін бұзғаны үшін, 5 оқушы аудиториядан

шығарылып, тестілеу нәтижесі жойылған. Мұндай оқиғалар Шымкент, Арыс қалалары және Сарыағаш ауданында да орын алған.

Айта кетейік, Сарыағаш ауданындағы №16 Панфилов атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Ақерке Тастан ең жоғары 139 балл, ал, Шымкент қаласынан 2, Мақтаарал ауданынан 1 оқушы 138 балл жинап, мерейлі болды. Ал, өткен оқу жылында 1 оқушы ең жоғары 138 балл, 10 оқушы 137 балл, 15 оқушы 136 балл жинаған болатын.

Бетті дайындаған: Балнұр ЖАНЫСБАЕВА.

Шымкент 2020 жылы Тәуелсіз мемлекеттер достастығының (ТМД) мәдени астанасы болады, деп хабарлады ТМД атқарушы комитетінің баспасөз қызметінен. «2017 жылдың 11 қазанында Сочиде ТМД мемлекет басшылары Кеңесінің отырысында «Достастықтың мәдени астаналары» мемлекетаралық бағдарламасын жүзеге асыру туралы шешім қабылданған еді.

ШЫМКЕНТ 2020 ЖЫЛ ТМД МӘДЕНИ АСТАНАСЫ БОЛАДЫ



Соган сәйкес, 2018 жылы Армения Республикасы (Горис қаласы); 2019 жылы Беларусь Республикасы (Брест қаласы), 2020 жылы Қазақстан Республикасы (Шымкент қаласы) мәдени астана болады», - делінген ведомство бетінде жарияланған хабарда.

Хабарда атап өтілгендей, келесі жылы Брест 1000 жылдық мерейтойын атап өтеді. Астанада ТМД шығармашыл және ғылыми зиялылар форумында Бресттің 2019 жылы Достастықтың мәдени астанасы деп жариялануы, қала бюджетіне үлкен сын болғалы тұр.

Десек те, Брест қалалық атқарушы комитетінің мәдениет бөлімінің бастығы Светлана Семашко жиналғандарды – 8 елден келген 200 делегатқа көрсеткен құрметтері үшін алғысын білдірді.

«Біз үшін қаламыздың соншалықты үлкен мәртебеге ие болуы үлкен құрмет. Біз оның тек мәдени шараларға толы күнтізбе емес, үлкен жауапкершілік екенін жақсы түсінеміз», - деді ол

Бұл ретте Астанадағы форумға жиналғандар 2019 жылы қаладағы шараларға барлық мемлекеттің қатысуын ұйымдастыруға ықпал ету жөніндегі өтінішпен Достастық елдерінің үкіметіне хабарласу туралы резолюция қабылдады.

«Айтулы күнге орай Брест өзінің мыңжылдығын тойлау туралы кез келген идея үшін ашық. Продюсерлер, суретшілер, өртістер, музыканттар, әдебиетшілер – барлық шығармашыл адамдар алдағы шаралар бағдарламасын талқылауға шақырылады», - делінген баспасөз қызметінің хабарында.

Мұндай мәртебе Шымшағарға бекер берілген жоқ. Соңғы 3 жылдың ішінде қала аумағы 117 мың гектарға кеңейіп, жаңа аудандар қосылды. Экономикасы өсті. Сондай-ақ, миллионға жуық қалада мәдени шараларды өткізетін жаңа нысандар бой көтерді. Бұл өз кезегінде еліміздегі үшінші мегаполис қаланың әлеуетін арттыруға үлкен мүмкіндік береді.

Осыған орай, Шымкентте қала әкімдігінің ұйымдастыруымен мерекелік іс-шара өтті. Дендросаябақта өткен салтанатты іс-шараға қала тұрғындары көптеп жиналды. Оларды мыңға жуық мектеп оқушысы қарсы алды. Көрермендер жас домбырашылардың орындауындағы флешмобты тамашалады.

Мұнан соң, дендросаябақта ұлттық музыкалық аспаптар көрмесі ұйымдастырылды. Қолөнер шеберлері қала тұрғындары мен қонақтарының назарына өздері жасаған ұлттық бұйымдар мен кәдесыйларды ұсынды. Олардың арасында домбыра жасаудың шебері Сәдібеков Қожабек те өзі жасаған домбыраларды көрмеге қойды.

Мерекелік бағдарлама мұнымен біткен жоқ. Дендросаябақта домбыра жасаудан шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Қалаған адам сондағы шеберлерден ұлттық музыкалық аспаптың жасалу жолдарын тамашалай алды. Сонымен қатар, саябақта домбыра күніне арналған концерт өтіп, Шымкент қаласының барлық қоғамдық көліктерінде домбырамен күй тартылып, термелер орындалды. Ал, қаладағы кітапханаларда да мерекелік іс-шаралар өткізілді.

Ұлттық домбыра күніне орай облыстық этно-мәдени бірлестіктердің төрағалары таңертеңнен Шымкенттегі перзентханаларға барып, жаңа туған нәрестелерге домбыра сыйлады. Мұндағы мақсат – сәбилердің

ШЫМШАҒАРЛЫҚТАР ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІН АТАП ӨТТІ



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында белгіленген 1-шілде Ұлттық домбыра күні деп белгіленді. Бұл ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтап, қайта жаңғырту идеясын іске асыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, мақалада ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, дамытуға баса назар аударылады. Ұлттық код мәселесіне келгенде, әрбір сөзіміз рухани тамырымызбен сабақтасуы қажет.

бойына ана сүтімен бірге домбыраға деген құштарлық тараса, дейді жауапты мамандар.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен бұл іс-шара өңіріміздегі барлық перинаталдық орта-

лықтарда да өтті. Мерекеледе Ассамблея өкілдері жарық дүние есігін ашқан сәбилерге ізгі тілек жазылған хат тапсырылып, ата-аналарына арнайы сыйлықтар тарту етті.

ҮШІНШІ МЕГАПОЛИСТЕ 32 БАҒДАРШАМ «СӨЙЛЕЙДІ»

Шымкентте қала жолдары мен көше қиылыстарына зерделеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде, апатты жағдай туындатуы мүмкін ең осал 40 нүктені анықтаған.

Олқылықтардың орнын толтыру мақсатында, 36 нүкте ретке келтіріліп, 16 көше қиылысына өзгерістер енгізілген. Бұл жөнінде «Қауіпсіз қала» бағдарламасы аясында арнайы құрылған жұмысшы тобының мүшелері мәлім етті.

Жалпы алғанда, 2018 ж. қала көшелерінде жол қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

- 220 жол белгісі орнатылған;
- 200 метр жасанды жол кедергілерін орнату және 10 дана бағдаршам нысанын орнату жоспарланған;
- қалада жол таңбаларын сызу жұмыстарына қаржы қаралған;
- жаяу жүргіншілерге арналған өткелдерде 20 дана жарық шамы бар белсенді жол белгілерін орнату жоспарланған;
- мектеп аумағына 60 дана «Абайлаңыз, балалар» ақпараттық белгісін орнату жоспарланған;
- бағдаршам нысандарына қосымша 32 дана дыбыс құралдарын орнату жоспарланған;
- 237 дана бағдаршам нысандарын және 8 мыңға жуық жол белгілерін күтіп-ұстау жұмыстары атқарылуда

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫҢЫЗДЫ АРТТЫРҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ

Мемлекет басшысының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы біздерге, ғылым адамдарына нағыз прагматикалық, нақты әрі түйінді, еліміздің болашағы үшін тағдыршешті мәселелерді көтерген атаулы құжат болды.

Жолдау біздің еліміздің ширек ғасыр ішіндегі екі жаңғырту үрдісін аяқтап, үшінші, экономикамыздың өлемдік өсімінің лайықты деңгейге жетуін қамтамасыз ететін, жеделдетілген технологиялық жаңғыртылу басымдығына көшуімізді айқындап берді.

Жалпы, Қазақстанда ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға ендіру жұмыстары осыдан он жыл бұрын сәтті басталған. Оған мысал келтіруге болады, ол – «eGov» жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі. Дәл осы жүйенің көмегімен бүгінде жүздеген операцияны компьютер алдында отырып-ақ, жүргізе аласыз. Құжат ресімдеу, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын,

салық, айыппұл, сақтандыру және өзге де қызмет түрлерін үйде отырып төлеуге кез келген қазақстандықтың мүмкіндігі бар. Бұл істер алдағы кезде одан әрі жетілдіріле түседі.

Осыған орай, Шымкентте 2018 жылдың маусым-тамыз айларында цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру (даярлау, қайта даярлау) мақсатында «Базалық», «Электронды үкімет», «Ашық үкімет» және «Е-коммерция» бойынша оқыту семинар курстары жұмыс істейтінін хабарлаймыз. Семинар-курс туралы толығырақ shymkent.gov.kz сайтындағы «Цифрлық Қазақстан» айдарынан оқуға



болады.

Цифрлық технология біздің өмірімізге тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдары-ақ батыл енгізіле бастады. Ең алдымен, мектептерді жаппай компьютерлендіру қолға алынды. Компьютерлер кеңседе де, үйде де негізгі ақпараттық құрал ретінде пайдаланыла бастады, ақпаратпен орындалатын кез-келген жұмыс ком-

пьютер көмегімен жүзеге асырылатын болды. Ақпаратты сақтау да, тасымалдау да жолға қойылды.

Президенттің Жолдауында елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиістігі баса айтылды. Ал, ол үшін, ең алдымен, тағы сол IT саласына басымдық беріледі.

Жалпы, мұның бәрі халықтың бақуатты өмір сүруі үшін жасалып жатқан шаралар екенін түсінуіміз қажет. Тұрғындардың әл-ауқаты артып, еңсесі тік көтерілгенде ғана Қазақстан дамыған өркениетті елдердің қатарына, яғни алдыңғы «отыздыққа» қосыла алады. Ал, бұл мақсатқа жету үшін, еліміз Үшінші жаңғыруды еңсеруі тиіс. Алдағы кезде замана көшінен қалғысы келмеген әрбір азамат, мамандар, ғалымдар мен студенттер ұялы байланыс, телекоммуникация, сандық ТВ, кеңжақтық интернет, ақпараттық технологиялар, Е-үкімет, Е-сауда, интерактивті жарнама және әлеуметтік медиа саласындағы өзекті тақырыптардан тыс қалуына болмайды.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында ұлттық мәдениетімізді әлемге танытуға домбыра ерекше үн қосады. Бұл күн өскелең ұрпақтың қасиетті домбыраға, ұлттық өнерге деген құлшынысын арттыра түседі. Осыған орай, Түркістан облысында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен Елордамыз Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы және Ұлттық домбыра күні мерекесіне «Ұлы Дала шежіресі -домбыра» атты лекция - концерті ұйымдастырылды.

ТҮРКІСТАНДА

«Ұлттық домбыра»

КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



сылқым» күйлері мен «Алыстан қызыл көрінсе», «Өлшеулі өмір», «Жақсы мен жаман» термелерін және «Өзім туралы» атты толғауларын орындап, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

Сонымен қатар, Кентау қаласының Құрметті азаматы, ҚР білім беру ісінің үздігі, Композиторлар Одағының мүшесі Әлімбек Қонысбеков «Қаратау шертпесі», «Салтанат» және

«Өттің дәурен» күйлерін күмбірлетсе, Түркістан қалалық «Яссы» халықтық-фольклорлық ансамблі «Бозинген», «Ата толғауы», «Адай», «Бақтыбайдың әуені» күйлерімен көпшілікке ерекше әсер қалдырды. Көпшіліктің сұрауы бойынша «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің басшысы Нұрболат Ахметжанов орындаған Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйі қонақтардың ай-

Шараға елімізге белгілі айтскер ақындар мен домбырашы өнерпаздар, ұлттық-мәдени орталық жетекшілері мен зиялы қауым өкілдері және БАҚ өкілдері қатысты.

Айта кетейік, Елбасы биылғы жылдан бастап әр шілденің алғашқы жексенбісін «Ұлттық

домбыра» күні деп жариялаған болатын. Елбасы Жарлығында айтылған мәселе - ұлттық дәстүр мен өнерді жаңғыртып, дәріптеуге жол салады.

Жиын барысында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ди-

ректоры Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы шараға келген барша қонақтарды «Ұлттық домбыра» күнімен құттықтап, ұлттық өнерді жалғастырып, қасиетті домбыраны серік еткен өнерпаздарға ыстық лебізін білдірді. Осы орайда, музейдің

бас редакторы Ә.Манапов домбыра туралы баяндама жасап, домбыраның ерекшеліктері мен шығу тарихына тоқталды.

Домбырашылар басқосуында Түркістан қалалық «Өнер» мектебінің жас өнерпаздары «Домбыраның шаттық үні», «Ерке

рықша ықыласына бөленді.

Шара соңында қорық-музей директоры Нұрболат Қадырұлы мерекелік шараға қатысып, өз өнерлерін көрсеткен барша өнерпаздарға алғысын білдіріп, музейдің баспа өнімдерін сыйға тартты.

Өңірде ЭКО-ҚАЛА САЛЫНАДЫ



Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Оңтүстік Корея мен Астанадан келген делегациямен кездесті. Онда тараптар аймақтағы «Жасыл» экономика жобалардың іске асырылу ба-рысын талқылады. «ОТҮСТІК» АИО бастамасымен шақырылған делегация құрамында Инчхон Ұлттық Университетінің құрметті профессоры, Нобел сыйлығының лауреаты Рае Квон Чунг, Оңтүстік Кореялық ғалымдар Ю Джае Чеон және Кванг-Дон Ким, Экологиялық ұйымдар қауымдастығы басқармасының төрағасы Айгүл Сағадібекқызы, G-Global Жасыл экономика және даму коалициясының төрағасы Салтанат Рахимбековалар болды.

Жиында облыс әкімі қатысушыларды өңірді дамыту жоспарларымен таныстыра отырып, облыс орталығы Түркістан

қаласының болашақта түркі әлемінің ағартушылық және рухани даму орталықтарының бірі болатынын тілге тиек етті.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев елімізде өндіріске жаңа технологияны енгізіп, жасыл экономиканы дамытуға, жаңадандыруға ерекше көңіл бөледі. Осы орайда, Елбасымыз Үкіметке 2020 жылға дейін еліміздің «Жасыл экономикадағы» үлесі 3 пайызға жетуі керек деген міндет жүктеген-ді.

Осыған орай, «Қазіргі уақытта Түркістан қаласы, аймақтық орталық бола отырып, инфрақұ-

рылымдық жобаларды елеулі түрде дамытуды талап етеді. Инвестиция тарту дұрыс ұйымдастырылса, болашақта Орта Азиядағы инвестициялық бумның ең белсенді нүктелерінің бірі бола алатын осы бірегей қаланың даму әлеуетін бағалау қажет» - деді ол.

Кездесуде Түркістан аймағында эко-қалаларды құру және аймақты энергиямен жабдықтау, сондай-ақ SuperGrid арқылы асқан энергияны ұзақ қашықтыққа экспорттауға бағытталған «Жасыл» энергетика саласындағы жаһандық жобалар талқыланды.

Бұл перспективалы жобалар аймақ басшысы тарапынан оң баға алды және кездесуден кейін облыс әкімі оларды дамыту және енгізу бойынша жұмыс тобын құруды тапсырды.

Қазақстанның «Жасыл» тұжырымдамасы шеңберінде аймақтың өршіл міндеттерін ескере отырып, «ОТҮСТІК»

АИО Түркістан аймағында тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеудің тұжырымдамалық бағдарламасын әзірлеп, Түркістанда пилоттық жобаны іске асыруды ұсынған болатын.

Сапар барысында Оңтүстік Кореялық серіктестер Түркістан қаласындағы қатты қалдықтардың морфологиясын зерттеп, ынтымақтастық туралы ұсыныстарға қызығушылық танытты. Нобель сыйлығы лауреатының кезекті сапары Түркістан қаласындағы «жасыл технологиялар» негізінде жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту және технологиялар трансферті ретінде болуы жоспарлануда.

Өңірге жасаған сапарында делегация құрамы М.Әуезов атындағы университетінде ұйымдастырылатын дөңгелек үстелге қатысып, «Жасыл» экономика үшін инфрақұрылым құру туралы үш жақты меморандумға қол қою күтілуде.

Еңселі елордамыздың биылғы атаулы мерекесі - жалпы халықтың ортақ қуанышы. 20 жыл тарих үшін қас-қағым сәт. Дегенменде, осы аз уақыт аралығында Елбасымыз өзінің сындарлы саясаты мен халқымыздың бірлігінің арқасында еңселі елордамызды Алаш жұртының асқақ айбарына айналдыра алды.

Осыған байланысты, Отанымыздың жүрегіне, төуелсіздігіміздің тірегіне айналған бас қаламыздың мерейлі мерекесін дайындау және өткізу мақсатында «Елжүрегі – Астана» тұжырымдамасы жасалды. Жоба аясында түрлі шаралар ұйымдастырылып, Елорда аспаны өсем әуенге тербелетін болады.

Жалпы осы жылдың басынан мерейтойға арналған түрлі шаралар өтуде. Ал, жаздың алғашқы айынан бастап, іс-шаралар тіпті көбейді. Сондай-ақ, жыл соңына дейін өз жалғасын табатын болады. Егер де Елордамыздың туған күніне орай Астана қаласына табан тірейтін болсаңыз, онда өтетін іс-шаралар жоспарымен бөліскелі отырмыз. Олай болса, назар аударыңыз:

Ұйымдастырылатын түрлі шаралар жоспарын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

«Ел Жүрегі – Астана»

Елбасы «Торінші өнер-көсіптік революция жаздайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында «2018 жыл – елордамыз Астананың 20 жылдығын атап өтетін мерейтойы жыл. Бас қаламыздың қалыптасуы және Еуразияның маңызды даму орталықтарының қатарына қосылуы – барша-мыздың ортақ мақтанышымыз», – деп атап көрсетті.

жасамақ болады. Алайда, тәжірибе бақылаудан шығып кетіп, зертханаға кездейсоқ келген Надяны 50 жыл алдағы болашаққа



нолентаның маңыздылығын айқындап, әлемдік жұлдыздар арқылы Астананың позитивті имиджін қалыптастыруды көздейді.

«АСТАНАНЫ МӘДЕНИ МӘТІНІН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-МӘДЕНИ КОНФЕРЕНЦИЯ

23 - 24 тамыз аралығында
Өтетін орны: ҚР Ұлттық

академиялық кітапханасы
Сипаттама: Астананың қалыптасуы Төуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихы мен жаңа астананы салу идеясын ұсынған және іске асырған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметімен тікелей байланысты. Қазіргі кезде Астана - еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси жетістіктерін, ел дамуының әлеуетін мен оның жарқын болашағының айқын көрсеткіші.

Қатысушылардың болжамды саны 150-200 адам.

АСТАНАДА СӘУЛЕТШІЛЕРДІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСІ БАСТАЛАДЫ

16 - 18 шілде аралығы
Өтетін орны: Төуелсіздік сарайы

Уақыты: 10:00 - 19:00
Сипаттама: Конгресс шеңберінде Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, дөңгелек үстелдер отырыстарын, шеберлік сабақтарын, атақты шетелдік сәулетшілер мен урбанистердің дәрістерін өткізу, сонымен қатар жас сәулетшілер мен студенттердің арасында стартуп уикенд форматындағы байқау жоспарланған.

БУКЛӘЛЕМДІК ОҚУ КОНГРЕСІ

10 - 12 қыркүйек аралығында

Өтетін орны: ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы

Уақыты: 10:00 - 18:00

Сипаттама: Кітап оқуды мәдениеттің ең маңызды элементі, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін және бәсекеге қабілетін арттыратын, тұлға мен қоғамның шығармашылық және әлеуметтік белсенділігін өсіретін құрал ретінде танып, әлемдік деңгейде қолдау көрсету. Конгресс міндеті – қоғам мен мемлекетті, әлеуметтік жауапты бизнес, саяси және мәдени элита және қоғамның барлық топтарын кітап оқу мәселесіне назар аударуына тарту, кітап пен кітап мәдениетінің жоғары мәртебесін қолдау; кітап пен кітап оқуды қолдау бойынша халықаралық тәжірибені жан-жақты тарату.

«АЛПАМЫС» ТЕАТРЛЫҚ-ЦИРК ШОУ

1 маусым - 2 қыркүйек (бейсенбі - жексенбі)
Өтетін орны: «Этноауыл» ұлттық мәдени кешені
Уақыты: 19:30
Билеттерді сатып алу
Сипаттама: Ұлы халық пен тамаша тарихи қала-

«ЭТНОАУЫЛ» ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КЕШЕНІ

1 маусым - 2 қыркүйек аралығында

Өтетін орны: «Қазанат» Ипподромы

Сипаттама: Этноауылда қазақ музыкалық және театр өнері фестивалі, сәндік қолданбалы өнер бойынша шеберлік мектептері, қолөнер және көркемөнер көрмелері, этникалық музыка фестивалі, атты-спорт шаралары, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар және тағы да басқа шаралар өтеді.

«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘЛЕМДЕГІ СӨЗ ЭНЕРГИЯСЫ» ЕУРАЗИЯЛЫҚ ӘДЕБИ ФОРУМЫ

3 - 4 шілде күндері

Өтетін орны: Ұлттық академиялық кітапханасы

Уақыты: 10:00 - 18:00

Сипаттама: Форум Еуразия халықтарының жоғары көркем әдебиетін танымал ету ұлттық мәдениет өкілдерінің арасындағы мәдени байланыстарды нығайту, бірінші еуразиялық әдеби кеңістікті қалыптастыру, қазақстандық авторлардың аймақтардағы шығармашылығына қолдау, сондай-ақ,



XIV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ЕУРАЗИЯ» КИНОФЕСТИВАЛІ

01-07 шілде аралығында
Өтетін орны: «Қазақстан» Орталық концерт залы

Сипаттама: Жылдан-жылға статусы жоғарылап келе жатқан фестиваль Канн, Венеция, Берлин және басқа да халықаралық кинофестивальдер деңгейіне жетуді көздейді. Ұлттық фильмдерді таныту және тарату фестивалінің мақсаты болып табылады.


«МАХАББАТ. ҮМІТ. АСТАНА.» АТТЫ ЖОБАСЫ

6 шілде
Сипаттама: 1968 жылы Целиноград зертханасында екі ғалым ерекше тәжірибе

апарып тастайды. 2018 жылы Төуелсіз Қазақстанның елордасы – Астанада Надя жас әрі табысты сәулетші - Сұлтанмен кездесіп, екеуі түрлі шығармалармен қоса шынайы ғашықтық сезімін де бастан кешіреді.

I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫСҚА МЕТРАЖДЫ ФИЛЬМДЕР «POSITIVE» ФЕСТИВАЛІ

25 - 26 қыркүйек аралығы
Сипаттама: «Positive» фестивалінің ерекшелігі – басты рөлде Астана қаласы мен шет елдің танымал актерлері ойнайтын, Қазақстанның үздік кинорежиссерлерінің түсірген 10 қысқа метражды фильмін қала қонақтары мен тұрғындарының назарына ұсыну. Сол арқылы фестиваль ұйымдастырушылары өр ки-





жастар арасында таланттарды анықтау мақсатында өткізіледі. Форум аясында белгілі жазушылар мен әдебиет сыншыларымен бірге конференциялар, дөңгелек үстелдер және шығармашылық кездесулер, оқырмандармен кездесулер, кітап көрмелері және шеберлік сыныптары өткізіледі. Сондай-ақ, келесі номинациялар бойынша: проза, поэзия, публицистика, балалар мен жасөспірімдерге арналған әдеби шығармалар байқаулары ұйымдастырылады.

М.ТӨЛЕБАЕВ «БІРЖАН - САРА» ОПЕРАСЫ АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА

14 шілде
Өтетін орны: «Бұрабай» демалыс аумағы

Сипаттама: Астана қаласының 20 жылдығы «Біржан - Сара» операсын Қазақстанның ең әсем жерінде – Бұрабай көлінің курортты аймағында қоюмен ерекшеленеді. Спектакль тамаша табиғи ландшафтқа ерекше үйлесімдікте, бұл опера оқиғасында өрбіп жатқанды эмоциялық қабылдауды және шынайылығын күшейтеді. Әрине, бұл заңды, өйткені Көкшетау – ақын Біржан салдың туған жері.

ДЖ. РОССИНИ «СЕВИЛЬСКИЙ ЦИРЮЛЬНИК» ОПЕРАСЫНЫ ПРЕМЬЕРАСЫ

12, 14 қазан күндері
Өтетін орны: «Астана Опера» МОБТ

Сипаттама: Осы маусымның асыға күтілетін премьерасы 12 және 14 қазанда өтеді. Жұртшылыққа Джоаккино Россинидің әлем бойынша мың қайтара орындалуына себеп болған шапшаңдығымен, музыкалық өзілқойлығымен ерекшеленетін тамаша туындысы, әйгілі «Севильдік шаштараз» операсы дайындалуда. Спектакльдер жайлы толық ақпаратты «Астана Опера» театрының сайтынан біле аласыздар, касса телефоны: 709 600.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ХОРЕОГРАФИЯ КЕШІ

21 - 22 шілде аралығында
Өтетін орны: «Астана Опера» МОБТ

Сипаттама: Бірінші акті «How long is Now» («Қанша уақыт қазір») шетелдік композиторлардың музыкасына - Людовико Эйнаути, Харри Эскотт, Макс Рихтер және басқалар. Бұл бір актілі балеттің қоюшы – хореографы қазіргі заманға танымал хореограф Раймондо Ребек (Roul Raimondo Rebeck) болып табылады.

«ТРЕТЬЯКОВ ГАЛЕРЕЯСЫ ТОПТАМАСЫНАН XX ҒАСЫРДЫ 50 ЖАУҒАРЫ» КӨРМЕСІ

6 маусым - 10 қыркүйек



аралығында
Өтетін орны: ҚР Ұлттық музейі

Уақыты: 10:00 - 18:00
Билеттерді сатып алу
Сипаттама: Көрмеге келушілер орыс кескіндемесінің дамуына зор үлес қосқан әрі жаңа стильдік тенденциялар мен бағыттар жасаған және көп жағдайда дәуір бейнесін белгілеп берген ең танымал суретшілердің туындыларымен танысады. Көрмеге келушілер «Қиық балта» көркемсурет бірлестігіне кірген орыс авангардының дүние жүзіне танылған суретшілері Петр Кончаловский, Илья Машков, Александр Куприн, Роберт Фальк және Аристарх Лентуловтардың туындыларымен танысады.

ГРАН-ПАЛЕ – ФРАНЦИЯНЫ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙЛЕР БІРЛЕСТІГІНЕН КЕЛЕТІН «ПОЛЬ СЕРЮЗЬЕ ЖӘНЕ БРЕТАНЬ: АЫЗДАР СИҚЫРЫ» КӨРМЕСІ

28 - 30 қыркүйек аралығында
Өтетін орны: ҚР Ұлттық музейі

Уақыты: 10:00 - 18:00
Сипаттама: Көрме алғаш рет елорда тұрғындары мен қонақтарын мемлекеттік және француздардың жеке коллекцияларынан 50-ден астам туындыны біріктіріп, француз көркемсурет мектебінің ең жарқын беттерін бірімен таныстырады. Көрме экспозициясының басым бөлігін зияткер-суретші, наби қозғалысының жарқын өкілі, француз өнеріне дүниені ерекше сезінуді енгізген Поль Серюзьеңің еңбектері құрайды.

АСТАНАНЫ 20 ЖЫЛДЫҒЫН ТОЙЛАУ АЯСЫНДА ҚР ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІНДЕ «АҚШ-ТЫ ЖЕКЕ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫНАН АЛЫНҒАН XIX ЖӘНЕ XX ҒАСЫР СУРЕТШІЛЕРІ» АТТЫ СІРЕК КӨРСЕТІЛЕТІН КӨРМЕ ҰСЫНЫЛАДЫ

06 шілде - 03 қазан аралығында
Өтетін орны: ҚР Ұлттық мұражайы

Сипаттама: Көрермендер Фальк, Григорьев, Гончаров, Анисфельд, Коровин, Репин, Маковский сынды суретшілердің туындыларымен таныса алады. Көрме Беркерман қорының, американдық компаниясының, сонымен қатар Нью-Йорк Мэриясының демеушілік қолдауының арқасында ұйымдастырылған.

«ПАБЛО ПИКАССО «СЕЛЕСТИНА ЖӘНЕ ВАЛОРИСТЫҚ КЕРАМИКА»

25 шілде - 25 қыркүйек аралығында
Өтетін орны: ҚР Ұлттық мұражайы

Сипаттама: Қазақстанда тұңғыш рет XX ғасырдың ең танымал және беделді суретшісінің бірегей көрмесі өтеді. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен «Пабло Пикассо «Селестина және Валористық керамика» атты Астананың 20 жылдығына арналған көрме ҚР Ұлттық музейінде өтеді.

ТҰНҒЫШ РЕТ АСТАНАДА АТАҚТЫ Р.КОЧЧАНТЕ МЕН Л.ПЛАМОНДОНАНЫ «NOTRE DAME DE PARIS» МЮЗИКЛІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚОЙЫЛАДЫ

28 қараша - 2 желтоқсан аралығында

Өтетін орны: Бейбітшілік және Келісім сарайы
Сипаттама: «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының «Астана Мюзикл» театры әлемге әйгілі «Notre Dame de Paris» мюзиклін тұңғыш рет қазақ тілінде көрермен назарына ұсынбақ. Астана тойына тарту ретінде сахналанатын мюзикл – француздық шансон мен сыған мотивіне құрылған. Аталған қойылымда әйгілі «Belle», «Danse mon esmeralda», «Le Temps des Cathedrales» секілді елуге жуық ән орындалады.

«ӘН МЕН ӘНШІ» ҰЛЫ ДАЛА АСТАНАЛАРЫНДА! ШОУ-КОНЦЕРТТІ АННОТАЦИЯСЫ

8 шілде
Өтетін орны: Бейбітшілік

және Келісім сарайы

Уақыты: 19:30
Сипаттама: Жобаның басты мақсат – міндеті Қазақтың музыкалық өнерінің дамуына қолдау көрсету. Халыққа насихаттау. Қазақ музыка өнерін жаңғырту – ұлттың жанын оятып, рухын асқақтатып, ұлттың даналық қоймасының қазынасына жол ашады, елдің рухы мен зейінін ұштайды. Халықтың бірлігін нығайтады.

«BURABAY SUMMER FEST» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСӨСПІРІМ ТАЛАНТТАРЫНЫ ФЕСТИВАЛІ

15 маусым - 4 шілде аралығында

Өтетін орны: «Бұрабай» демалыс аймағы

Сипаттама: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі 2018 жылдың 15 маусым мен 4 шілде аралығында «Burabay Summer Fest» атты Халықаралық жасөспірім

дық әдебиет өлемінің майталмандары, бүгінгі ақиық ақындары ат салыспақ. Қатысушыларға қойылатын басты талап – авторлық туындыларының арасында өзінің тілінде Қазақстан, Астана немесе Елбасы турасындағы тақырыптың қозғалуы және олардың қазақ, ағылшын, орыс тілдеріне, сондай-ақ БҰҰ мақұлдаған ресми шет тілдеріне аударылуы. Іс-шара барысында елорда концерт залдарының бірінде поэзия кешінің ұйымдастырылып, «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында «Әлем ақындары Қазақстан жайында» немесе «Ақ ордалы – Астанам» атты жинақ шығарылады.

«АСТАНА - ӘЛЕМ ДАУЫСЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ

5 - 11 қазан аралығында
Өтетін орны: Бейбітшілік және Келісім сарайы

Сипаттама: Әлем және дәстүрлі діндер Көшбасшыларының VI съезі аралығында өтетін бес континенттің әртүрлі елдерінен шыққан 500 өншілерді біріктіретін ауқымды жобаның тұсаукесері өтеді. Шаттанған хор орындаудағы қарқынында түрлі конфессиялар өкілдерінің жас өншілері бірігіп ланкес-

даның көрікті жерлеріне саяхат жасап, әсем табиғатты, үйлесім тапқан ансамбльдерді түсіреді, соньмен қатар фестиваль нәтижелері бойынша 20 күн бойы Орталық саябақ аумағында, ҚР Теннис федерациясы ғимаратының жанында фотокөрме ұйымдастырылады. Іс-шараның мақсаты мен міндеті – бүгінгі Қазақстанның елордасының дамыған, жарқын келбетін отандық және әлем фотографтарының түсірген фотолары арқылы жұрт алдында паш ету, әйгілі фотографтардың Астананың көрікті, ең сұлу жерлерінде жасаған еңбектері арқылы тек елорданың ғана емес, жалпы барша еліміздің позитивті имиджін қалыптастыру.

THE SPIRIT OF THE DANCE ЗАМАНУИ ЭТНИКАЛЫҚ МУЗЫКА ЖӘНЕ БИ ФЕСТИВАЛІ

28 - 29 шілде күндері аралығында

Өтетін орны: «Қазақстан» ОКЗ

Сипаттама: 2018 жылғы 28, 29 шілдеде «Қазақстан» орталық концерттік залында Астана 20 жылдығын мерекелеу аясында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі әлемнің 7 елінен келген белгілі музыканттар, диджейлер және би ұжымдары қатысуымен екі күндік ауқымды шоу ұсынады.



таланттарының фестивалін өткізеді. Фестивалдің Гала-концерті 3 шілде күні Астана қаласында өтеді. Бұл іс-шара жастар мәдениетін тек қана көсібі деңгейде көтеріп қана қоймай, қазақ халқының дәстүрін насихаттайды.

«АҚ ОРДАЛЫ – АСТАНАМ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПОЭЗИЯ КЕШІ

30 тамыз
Өтетін орны: «Қазақстан» ОКЗ

Уақыты: 18:00
Сипаттама: Астана қаласының 20-жылдық мерейтойына орай ағымдағы жылдың екінші жартысында әлем ақындарының қатысуымен «Ақ ордалы – Астанам» Халықаралық поэзия кеші өткізіледі. Аталмыш іс-шараға шетелдік ақындармен қатар Отан-

тіксіз әлем деген гуманистік идеяларды жырлайды.

I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «WIDE WORLD» - «ҰЛЫ ДҮНИЕ» ЕРЕКШЕ ТЕАТРЛАР ФЕСТИВАЛІ

5, 6 шілде күндері
Өтетін орны: Оқушылар сарайында

Сипаттама: Шығармашылық арқылы мүгедектерді оңалту және инклюзиялау, ерекше дамитын адамдардың қажеттіліктеріне қоғамның назарын аудару және оларды қоғамға интеграциялау.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «PHOTOfest. KZ» ФОТОФЕСТИВАЛІ

10 - 12 шілде аралығында
Өтетін орны: ҚР Теннис федерациясы ғимаратының ауласы

Сипаттама: Фестиваль барысында фотографтар елор-

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАРАФОНЫ

16 қыркүйек
Өтетін орны: Астана қаласының сол жағалауында.

сағат 10:00
Сипаттама: Ұйымдастырудың жоғары деңгейі, бағыттың дәлдігі (IAAF AIMS сертификатпен расталған), білікті төрешілік, медициналық көмек деңгейі және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілген мүмкіндіктер, сондай-ақ элиталық жүгіріс (Gold Label, Silver Label, Bronze Label) ретінде IAAF мәртебесіне иегер болуға шешуші фактор болып табылады.



Еліміздің жаңа тарихи кезеңге «мәңгілік ел» ұранымызбен тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашаққа нық сеніммен аяқ басуы үшін ең бастысы, шартпен белгіленген жеріміз бен шекарамыздың нақтыланып, берік болуы. Әлемдік тарих көрсеткендей жерінен айырылған ұлттардың болашағы болмай, басқа ұлттарға сіңіп, түптің түбінде жойылғаны қаншама.

Жалпы адамдарды сақтап қалатын бір алақандай жер үшін болған, болатын да қырғын соғыстарды ұмытуға бола ма? Жер дегенде – біріншіден ол ел экономикасының материалдық көзі, екіншіден рухани байлық негізі. Алашордашылар Әлихан Бөкейханов: «Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі – негізгі өмір мәселесінің ең зоры», – десе, Ахмет Байтұрсынұлы: «Жер-мәселесі қазақтың тірія өлі болуының мәселесі», деп атап көрсеткен. Жер – ұрпақтан-ұрпаққа қалдырылған мұра және тәуелсіздіктің түп нұсқасы.

Кешегі «Елім, жерім» деп жанын пиде еткен халқымыздың арыстарын ардақтау, ұлтының ертеңін ойлайтын, жарқын бақытты өмірдің негізін қалайтындардың парызы. Өйткені, тарихын біліп, содан өнеге, рухани қуат алған халық қана табысқа жете алады. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықты сая болған, есімдері

ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», – деп атап көрсеткені жергілікті жерлерде саналы түрде, шындықпен іске асырылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Жаңа жыл алдында «Хабар» теледидарынан қуанышты жаңалық берілді. Ақтөбеде заманауи талаптарға сәйкес келетін 300 оқушыға арналған

қағыс жасадым». Ол рас, егер ондай ойыңыз болса, өзіңіз туралы қажетті жеке құжаттарды жеткізсеңіз дегенімде, әрине, әрине» деп орнынан тұрды. Ағаны сыртқа шығарып салдым.

Партияның кадрды дайындау, тағайындау туралы салықалы жүйесі болатын. Әртүрлі деңгейдегі партия комитетінің өздеріне сәйкес қызметтердің бекітілген номенклатурасы

Әрине, бюро мәжілісінде М. Тәшенов ағамыз бір ауыздан қолдау тапты. Мәжілістен кейін аға, арнайы келіп, бұдан кейін де тек менімен байланысты болатынын жеткізді. Уақыт көрсеткендей ол тағайындалған қызметін үлкен абыроймен атқарып жатты.

Тарихта «Өтпелі кезең» деген атпен белгілі кезеңде Мәскеудегі жоғары басшы-

Дегенмен, орталық мекемесі территориялық жағынан (сол кездегі) Держинск ауданына қарасты болғанына байланысты ауданның партия комитетінің бірінші хатшысына қоңырау шалдым. Орталық партия комитетіне М.Тәшеновтың үстінен арыз түскенін хабарлап, алдын ала мән – жайды сұрап білгенімді, сондықтан ол кісі туралы қоғамдық оң пікірді

Естмен кетпес күндер!

мектеп іске қосылыпты. Мектепке мемлекет қайраткері, Қазақ советтік социалистік республикасының министрлер кеңесінің төрағасы болған Ж.Тәшеновтың аты берілді. Оның Ресейдің ұланғасыр жерлері бола тұра Қазақстанның тың, тыңайған миллиондаған гектарын аяусыз жыртып қана қоймай, (оның үстіне шақырылғандар құрамында жазасын өтеушілердің болғаны өкінішті) еліміздің біраз жерлерін көршілес республикаларға беру туралы Мәскеудің шешіміне қарсы тұрып, еліміздің жер тұтастығын қорғаған бірден – бір саяси қайраткер тұлға болғаны үлкендер есінде. Осы табандылығы үшін қызметінен босатылған соң, ол кісі біраз жыл Оңтүстік Қазақстан облысының атқару комитетінің төраға орынбасары болды. Мәскеудің қатаң бақылауында болып, 60 жасқа толған күні ол қызметінен босатылып, зейнеткерлікке жіберілді. Соңынан біраз уақыт «Каракөл ғылыми-зерттеу институты» директорының орынбасары қызметін атқарғаны белгілі.

Соңғы қуанышты хабарды естіп, осынау абзал жанмен тағдырдың кездестіргені туралы сыр бөліспекпін.

Ол кезде мен Оңтүстік Қазақстан облысының партия комитетінің өндіріс – көлік комитетінің меңгерушісі қызметінде едім. Бірде кенеттен жұмыс бөлмеме асыл аға Жүмекең кіріп келді. Орнымнан атып тұрып сәлемдесіп, орындай ұсындым. Салмақты мінезді ағаның толқып отырғанын аңғардым. «Қарағым, деп бастады сөзін аға, бұл мекемеде сенімен ғана тілдесем» деді. (Шынымды айтсам, ол кісімен бұрын еш кездеспеген едім). Тыңдаймын сізді, айтыңыз, қандай мәселе?! – дегенімде, сөзін әрі жалғастырып, «мен Алматыдан келдім, онда Дінмухаммед Ахметұлымен кездестім, сіздерде облыстық ғылыми – техникалық хабар орталығының басшысы қызметі бос екен, Димекеңе сол туралы құлақ-

(белгілі бір мамандықта қолданылатын атаулардың тізімі) болатын. Біз сөз етіп отырған қызмет біздің бөлімнің номенклатурасына жататындықтан, облыстық партия комитетінің бюро мәжілісіне ұсыныс пен қажетті құжаттарды дайындау біздің міндетіміз еді. Әрине, ондай қызметтерге алдын ала әртүрлі сынақтардан өткізілген үміткерлер тізімі жасалатын және олар белгілі еді.

Дегенмен, ағаға қажетті құжаттарды дайындап облыстың аталған қызметіне бұрын дайындалған үміткерлер болса да, М.Тәшеновтың кандидатурасын облыстық партия комитетінің өндіріс бойынша хатшысы В.С. Черненкоға ұсындым. Қызмет талабына сәйкес ол кісінің ғылым кандидаты екенін, бұрын облыс экономикасын терең білетінін, өмірлік бай тәжірибесі барлығын алға тартып, ұсынысымды барынша дәлелдеп бақтым. Мәскеудің қолдауымен тағайындалған хатшы өзара сыйластықта болсақ та, қарсылығын білдіріп, қатаң ескерту жасады. Келіспейтініне көзім жеткен соң, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы В.И. Николаевқа келдім. Ол мені теміржол жүйесіндегі қызметімнен, бір жыл бойы әртүрлі тапсырмалар арқылы сынақтан өткізіп, обкомның нұсқаушылығына өз ұсынысымен қабылдаған еді және Шымкент қорғасын зауытында партия комитетінің хатшысынан осы деңгейге дейін көтерілген Владимир Ивановичтың облыста абыройы да жоғары еді. Бірақ, ол кісі де ұсынысыма қарсы шықты. Еш көнетін түрі жоқ. Ең соңғы үмітім, ол кісінің маған деген ерекше сенімін ескеріп, М. Тәшеновтың СОКП Саяси Бюро мүшесі, Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың қабылдауында болғанын хабарда еттім. Ол кісі сәл ойланғаннан кейін, ұсынысыңды бюро мәжілісіне сал, – деп келісімін берді.

лықтан «ішімдікке қарсы» үлкен іс-шаралар ала бастаған мезгілде, СОКП Орталық Комитетінен М.Тәшеновтың үстінен арыз хат келді. Онда М.Тәшенов 70 жасқа толғанын ресторанда атап өткені, оған 100-ге тарта қонақтар қатысқаны және ішімдікке жол берілгені туралы жазылған.

Ағаға қоңырау шалып, келіп кетуім өтіндім. Жылдам жүрісімен бойын тік ұстаған, қуатты ширақ кіріп келді. Орындыққа жайғасқаннан соң қолына хатты ұстаттым. Асықпай оқып шықты да, өткір көзін жарқ еткізіп, «білем мұны кім жазғанын», деп саң етті.

Мұның қалай болғанын сұрадым. Сабырмен түсіндірді. Ол кісіні жақсы білетін, сыйлайтын адамдардың мерейлі жасқа келгенін атап өтуге ұсыныс жасағанын, аға келісімін берген соң, ресторанда бас қосқанын, тіптен асқа кеткен қаржыны өздері төлегенін жеткізді. Олай болса, ең бастысы берілген асқа төленген қаржы туралы ресми құжат алып келуім, ал қалған мәселелердің тексерілетіндігі туралы ескерттім.

Мәселені тереңірек білу үшін, ғылыми-техникалық орталықтың партия ұжымының хатшысы Г. Астраханцеваны шақырттым. Ішкілікке қарсы күрес партия тарапынан қатал бақылауға алынуына байланысты арызда көрсетілген жәйттерді түсіндіруім өтіндім. Ол кісінің бұл хабарды естігенде, қатты қобалжығанын аңғардым. Менің тікелей қойған сұрақтарым, мерей жасты атап өту туралы ұсыныс кімнен шықты және М.Тәшенов ресторанда ішкілік іште ме? – болды. Өзіне өзі келген соң ол, партия ұжымы мүшел жасты өткізуді қолдағанын және ағаның ішкілікке жоқ екенін жеткізді. Олай болса, сіздер бұл мәселені қарайсыздар, тек жазықсыз жан дәйексіз жазаланбағаны дұрыс, екенін ескерттім.

Тәртіп бойынша келген арыз Шымкент қалалық партия комитетіне жіберілді.

ескеріп, қорытынды жасайсыздар деп сенемін дедім.

Көп ұзамай арыз бастауыш партия ұйымына, аудандық және қалалық партия комитеттерінде қаралғаны туралы ресми жауап алып, соның негізінде партияның Мәскеудегі Орталық Комитетіне мән жәйді баяндадық. Мәскеуден артынша екінші жазылған арызды тексеруге орталық комитеттің нұсқаушысы арнайы келді. Ол кісінің менімен әңгімесінен түсінгенім, арызда мен туралы жазылған. Әңгіме барысында өз ойымды барынша ашық айттым. Біріншіден, М.Тәшенов біздің бөлімнің номенклатурасына жататындықтан, оның өз қызметін талапқа сай абыроймен орындауына біздің де жауапкершілігіміз бар, оған көзіміз де жетті, сондықтан, арызды жан-жақты қарастырдық. Әрине, біз үшін бастауыш партия ұйымының пікірі де маңызды, сондықтан ұжымның хатшысымен де тілдестім. Екіншіден, хат қалалық партия комитетіне жолданды. Партия комитетінің бірінші хатшысы В. Борисов облыстық партия комитетінің бюро мүшесі, сол кісінің берген жауабына мән беріңіз. Сіздерге жіберген анықтамада, ол кісінің дәлелін негізге алдық.

Ал егер, бұл мәселе туралы қандайда күдігіңіз болса, қажет деген кісілермен сізбен бірге кездесуге дайынмын. Мәскеулік қонақпен түсініскендей қоштастық.

Аяулы аға өз қызметін әрі қарай жалғастырды. Иә, М.Тәшенов өз ісімен көпшіліктің ойынан шығып, игілікті ұстанымымен ел мақтанышына айналған аты мен еңбегі биік «елтұлға» болатын. Сөз жоқ елін сүйіп, оны қорғап, жан аямай қызмет ете білгенді өскелең ұрпақ ұмытпақ емес.

Н.БАЛҚИЯҰЛЫ,

М.Тынышбаев атындағы

Кәсіпкерді банкрот деп тануға не негіз болып табылады?

ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 21-б. 1,2-тармақтарына сәйкес дара кәсіпкердің дәрменсіздігі (осы Кодекстің 52-бабы) оны банкрот деп тануға негіз болып табылады. Дара кәсіпкердің банкроттығы Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген қағидалар бойынша ерікті немесе мәжбүрлі түрде танылады. Дара кәсіпкер банкрот деп танылған кезден бастап, оны дара кәсіпкер ретінде тіркеудің күші жойылады.

Ортақ меншік қалай пайда болады?

ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 209-б. 2,3,4-тармақтарына сәйкес ортақ меншік екі немесе бірнеше адамның меншігіне мүлік түскен кезде пайда болады, оны өзінің мақсаты өзгертілмейінше бөлуге болмайды (бөлінбейтін заттар), өйткені, ол заңға сәйкес бөлінуге жатпайды. Мүлікке ортақ меншік үлестік меншік болып табылады, бұған мүлікке ортақ меншік құру заңда көзделген реттер қосылмайды. Мүлік меншік иелерінің әрқайсысының меншік құқығындағы үлестері белгілене отырып (үлестік меншік) немесе ондай үлестер белгіленбей, (бірлескен меншік) ортақ меншікте болуы мүмкін.

Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану рәсімі қандай?

ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 28-б. сәйкес егер азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы бір жыл бойы деректер болмаса, мүдделі адамдардың арызы бойынша сот оны хабар-ошарсыз кетті деп тануы мүмкін. Хабар-ошарсыз кеткен азамат туралы соңғы деректер алынған күнді анықтау мүмкін болмаған жағдайда, жоқ адам туралы соңғы деректер алынған айдан кейінгі айдың бірінші күні, ал бұл айды анықтау мүмкін болмаған жағдайда, келесі жылғы бірінші қаңтар хабар-ошарсыз кетудің басталған күні деп есептеледі.

Кім және қашан азаматты өлді деп жариялайды?

ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 31-б. 1,2-тармақтарына сәйкес егер азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы үш жыл бойы деректер болмаса, ал, егер ол өлім қатері төнген немесе жазатайым оқиғадан қаза тапты деп жорамалдауға негіз болатын жағдайларда алты ай бойы хабар-ошарсыз жоғалып кетсе, мүдделі адамдардың арызы бойынша сот оны өлді деп жариялауы мүмкін. Соғыс қимылдарына байланысты хабар-ошарсыз жоғалып кеткен әскери қызметші немесе өзге адам соғыс қимылдары аяқталған күннен бастап, кемінде екі жыл өткеннен кейін өлді деп жариялануы мүмкін.

Мұра қайда ашылады?

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 1043-б. сәйкес мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал, егер ол белгісіз болса - мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады.

Қандай өсиеттер нотариатта куәландырылғандарға теңестіріледі?

Қазақстан Республикасының 1999



жылғы 1 шілдедегі N 409 Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 1052-б. сәйкес нотариатта куәландырылған өсиеттерге:

1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлерде тұратын азаматтардың, осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлердің директорлары, бас дәрігерлері куәландырган өсиеттері;

2) госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлердің және басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырган өсиеттері;

3) жүзу кезінде Қазақстан Республикасының жалауымен теңіз кемелерінде немесе ішкі жүзу кемелерінде жүрген азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырган өсиеттері;

4) барлау және басқа да экспедицияда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырган өсиеттері;

5) нотариустары және нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан мекендеріндегі әскери қызметшілердің өсиеттері, сондай-ақ осы бөлімдерде жұмыс істейтін қарапайым адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің де әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелер мен оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландырган өсиеттері;

6) бас бостандығынан айыру орындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырган өсиеттері теңестіріледі.

Өсиет қалдырушы, осы баптың 1-тармағында көзделген өсиеттерге, өсиетке өзі де қол қоятын куәның қатысуымен қол қоюға тиіс.

Осы баптың 1-тармағында келтірілген лауазымды адамдар куәландырылған өсиеттің бір данасын нотариат туралы заңдарға сәйкес нотариустың сақтауына беруге міндетті.

Өсиеттің нотариатта куәландырылуы туралы талаптарды қоспағанда, мұндай өсиеттердің өзгелеріне тиісінше осы Кодекстің 1051-бабының ережелері қолданылады.

Мұрадан бас тарту мүмкін бе?

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 1074-б. 1-3 тармақтарына сәйкес мұрагерлер мұра ашылған күннен бастап, алты айдың ішінде мұрадан бас тартуға құқылы. Дәлелді себептер болған жағдайда, бұл мерзімді сот ұзартуы мүмкін, алайда, бұл екі айдан аспауға тиіс. Мұрадан бас

ЗАҢҒЕРЛІК КЕҢЕС

тарту мұрагердің мұраның ашылған жері бойынша нотариусқа арыз беруімен жасалады. Егер сенімхатта бас тартуға өкілеттік арнайы көзделсе, мұрадан өкіл арқылы бас тартуға болады. Мұрадан бас тартуды кейіннен күшін жоюға немесе қайтарып алуға болмайды.

Қай жасқа толғаннан кейін азаматтық әрекет қабілеттілігі толық көлемде пайда болады?

ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 17-б. 1,2-тармақтарына сәйкес азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі (азаматтық әрекет қабілеттілігі) көмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін, толық көлемінде пайда болады.

Заң құжаттарында он сегіз жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады.

Міндеттемелерді орындамағаны үшін айып төлеу өсімі қалай есептеледі?

ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 293-298-баптарына сәйкес борышқор міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес. Айып төлеу туралы келісім, негізгі міндеттеменің нысанына қарамастан, жазбаша түрде жасалуға тиіс. Жазбаша нысанның сақталмауы айып төлеу туралы келісімнің жарамсыздығына әкеліп соқтырады. Несие беруші тараптардың келісімінде айып төлеу міндеті көзделген-көзделмегеніне қарамастан, заңдарда белгіленген айып төлеуді (заңды айып төлеуді) талап етуге құқылы. Егер заңдарда тыйым салынбаса, тараптардың келісімімен заңды айып төлеу мөлшері көбейтілуі мүмкін. Айып төлеу мөлшері нақты ақша сомасында немесе орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасына шаққандағы процентпен белгіленеді. Егер төленуге тиісті айып (айыппұл, өсім) несие берушінің шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышқордың міндеттемені орындау дәрежесін және борышқор мен несие берушінің назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, айып төлеу мөлшерін (айыппұлды, өсімді) азайтуға құқылы.

Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Нотариалдық куәландырусыз мәмілені қалай дұрыс ресімдеуге болады?

ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы

Азаматтық кодексінің 151,152-баптарына сәйкес мәмілелер ауызша және жазбаша нысанда жасалады (жай немесе нотариалдық). Заңдармен немесе тараптардың келісімімен жазбаша (жай не нотариалдық) немесе өзге белгілі бір нысан белгіленбеген мәміле, атап айтқанда, олар жасалған кезде атқарылатын мәмілелердің бөрі ауызша жасалуы мүмкін. Мұндай мәміле адамның мінез-құлқынан оның мәміле жасау еркі айқын көрініп тұрған ретте де жасалған деп саналады. Жетон, билет немесе әдеттегідей қабылданған өзге де растайтын белгі арқылы расталған мәміле, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, ауызша түрде жасалған болып табылады. Үндемей қалу заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген реттерде мәміле жасауға ерік білдіру деп танылады. Жазбаша түрде жасалған шартты орындау үшін жасалған мәмілелер, егер заңдарға қайшы келмесе, тараптардың келісімі бойынша ауызша жасалуы мүмкін.

Мынадай мәмілелер:

1) егер мәмілелердің жекелеген түрлері үшін заңдарда өзгеше арнайы көзделмесе немесе іскерлік қызмет өрісінің өдеттегі құқықтарынан туындамаса, мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде жүзеге асырылатын;

2) мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, жүз есептік көрсеткіш жоғары сомаға;

3) заңдарда немесе тараптардың келісінде көзделген өзге де реттерде жазбаша түрде жасалуға тиіс.

Егер іскерлік қызмет өрісінің өдеттегі құқықтарынан өзгеше туындамаса, жазбаша түрде жасалған мәмілеге тараптар немесе олардың өкілдері қол қоюға тиіс.

Егер заңдарға немесе мәмілеге қатысушылардың бірінші талаптарына қайшы келмесе, мәміле жасау кезінде қол қоюдың факсимилелік көшірме, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалануға жол беріледі.

Екіжақты мәмілелер әрқайсысына өзін жасаған тараптар қол қойған құжаттарды алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

Хат, жеделхат, телефонжазба, теле-тайпжазба, факс, электрондық құжаттар немесе субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттар алмасу, егер заңдармен немесе тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, жазбаша түрде жасалған мәмілеге теңестіріледі.

Заңдармен және тараптардың келісімімен қосымша талаптар белгіленуі мүмкін, оларға мәміле нысаны, атап айтқанда, белгіленген нысанды бланкіге жазу, мөрмен бекіту сәйкес келуге және оларда осы талаптарды орындамау салдары көзделуге тиіс.

Егер азамат дене кемтарлығы, науқастығы немесе сауатсыздығы салдарынан өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша мәмілеге басқа азамат қол қоя алады. Соңғысының қойған қолын, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, нотариат немесе сондай нотариалдық әрекет жасау құқығы бар басқа лауазымды адам, мәміле жасаушының өзі қол қоя алмаған себептерді көрсете отырып, куәландыруға тиіс.

Жазбаша түрде жасалған мәмілені орындаған тарап екінші тараптан оның орындалғанын растайтын құжат талап етуге құқылы.

Мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, ауызша кәсіпкерлік мәмілені орындаған тараптың да осындай құқығы бар.

Жыл сайын зейнетақы тағайындауда өзгерістер орын алып отырады. Елбасымыз тәуелсіздік жылдары зейнеткерлерге өз қамқорлығын танытып келеді. Яғни, осы жылдары еңбектің зейнетін көріп отырған еңбек майталмандарының зейнетақысын жоғарылатып отырды. Алдағы уақытта да бұл салада жүзеге асырылатын жоспарларды білу мақсатында «ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші - қон комитетінің ОҚО бойынша департаменті» басқармасының басшысына бірқатар сұрақтар жолдаған болатынбыз. Аталған саладағы жаңалықтар жайлы оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Сіз әлеуметтік саласында білікті басшы болып саналасыз. Ұзақ жылдар әлеуметтік саладағы мемлекеттік органның басшы қызметін атқардыңыз. Қазіргі таңда аумақтық департаменттің басшысысыз. Кейбір оқырмандар әлеуметтік мәселемен айналысқаннан кейін, жергілікті және аумақтық мемлекеттік органдардың жұмыстарын ажырата бермейді. Осыған байланысты аталған саладағы ерекшеліктері, айырмашылықтарын қысқаша түсіндіріп өтсеңіз.

«Департаменттің негізгі міндеті?»
Департаменттің міндеті зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, мүгедектерді әлеуметтік қорғау, медициналық-әлеуметтік сараптама, міндетті әлеуметтік сақтандыру, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

«Департаменттің негізгі міндеттерінің бірі халыққа әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы мемлекеттік қызмет көрсетеді. Осы әлеуметтік төлемдер тағайындаудың негіздері, себептері және қандай жағдайларда тағайындалатыны жөнінде тарқатып өтсеңіз.»

«Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау»
2001 жылғы 1 шілдеден бастап – ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 2018 жылдан бастап жыл сайын 6 айға артады және 2027 жылғы 63 жасты құрайтын болады.
Бұл ретте әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау:
2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда;
2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда;
2020 жылғы жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда;
2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда;
2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда;
2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;
2024 жылғы жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;
2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;
2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;
2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жасқа толғанда жүргізіледі.
Төтенше және радиация қаупі ең жоғары аймақтарда 1949 жылғы 29 тамыз-1963 жылғы 5 шілде аралығындағы кезеңде к-

мінде 5 жыл тұрған азаматтардың «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

- 1) Ерлердің – 50 жасқа толғанда;
 - 2) Әйелдердің – 45 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалуына құқығы бар.
 - 3) 5 және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.
- Жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық көлемде жоғарыда белгіленген жасқа толғанда азаматтардың мынадай санаттарына:
- 1) Ерлерге – 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде жиырма бес жыл еңбек өтілі болған кезде;
 - 2) Әйелдерге – 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде жиырма жыл еңбек өтілі болған кезде тағайындалады.
5. Жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық емес көлемде жоғарыда аталған азаматтардың санаттарына олардың жасына байланысты зейнетақы төлемін толық

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші - қон комитетінің ОҚО бойынша департаменті» басқармасы басшысының міндетін атқарушысы

Марат АРХАРОВ:

ЕҢБЕК ӨТІЛІ МЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУ ӨТІЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БОЛАДЫ

көлемде алу құқығы болмаған кезде, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілінің болуына қарай тағайындалады.

6. Жасына байланысты толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдеріне жасына байланысты толық көлемдегі зейнетақы төлемінен 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтіліне пропорционалды түрде есептеледі.

«Жерлеуге арналған біржолғы төлем тағайындау»

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушы, оның ішінде мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушы қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15,7 еселенген мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем төленеді.

«Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау»

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – қазіргі таңда еңбек өтілі мен табысының бар болуына қарамастан, зейнеткерлікке шыққан барлық азаматтарға тағайындалуда.

Ал, 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны тағайындау механизмі өзгеретін болады, яғни, базалық зейнетақыны тағайындау механизмінде өзгеріс болады, яғни базалық зейнетақы еңбек өтілі мен зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты болады.

Бұл ретте, зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне ынтымақты жүйеде 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін істеп шыққан өтілі мен (күтім жасаған уақыттары) міндетті зейнетақы жарналары төленген кезеңдер (зейнетақы жарналары аударылған нақты кезең) қосылады.

Егер азамат жұмыс істеп, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдарды тек 10 жыл аударса немесе мүлдем жұмыс істемесе, онда оған базалық зейнетақы төлемі ең төменгі күн көріс деңгейі шамасынан 54! мөлшерінде тағайындаймыз. 10 жылдан жоғары жұмыс істеген әр жыл үшін базалық зейнетақы 21-ға артатын болады және 33 және одан да көп жылда базалық зейнетақы мөлшері ең төменгі күн көріс деңгейінің 100!-ын құрайды. Республикалық бюджет туралы заңына сәйкес 2018 жылдың 1 қаңтарынан ең төменгі күн көріс деңгейінің мөлшері – 28284 теңгені құрайды.

БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ТАҒАЙЫНДАУ МЕХАНИЗМІ

Жиынтық стажы (ынтымақты және жинақтаушы жүйелерінде)	Ең төмен күн көріс деңгейінен пайыздық үлесі	Ең төмен күн көріс деңгейінен базалық зейнетақы төлемінің мөлшері	Жиынтық стажы (ынтымақты және жинақтаушы жүйелерінде)	Ең төмен күн көріс деңгейінен пайыздық үлесі	Ең төмен күн көріс деңгейінен базалық зейнетақы төлемінің мөлшері
10 және одан аз жылдар	54%	15 274	22 жыл	78%	22 062
11 жыл	56%	15 840	23 жыл	80%	22 628
12 жыл	58%	16 405	24 жыл	82%	23 193
13 жыл	60%	16 971	25 жыл	84%	23 759
14 жыл	62%	17 537	26 жыл	86%	24 325
15 жыл	64%	18 102	27 жыл	88%	24 890
16 жыл	66%	18 668	28 жыл	90%	25 456
17 жыл	68%	19 234	29 жыл	92%	26 022
18 жыл	70%	19 799	30 жыл	94%	26 587
19 жыл	72%	20 365	31 жыл	96%	27 153
20 жыл	74%	20 930	32 жыл	98%	27 719
21 жыл	76%	21 496	33 жыл	100%	28 284

«Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау»

Қазақстан Республикасының 16.06.1997 жылғы №126 «ҚР мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар» туралы Заңына сәйкес мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша, жасына байланысты жәрдемақылар тағайындалады.

1) Мүгедектігі жәрдемақы – азаматтардың денсаулығына байланысты медициналық әлеуметтік сараптама комиссиясының шешімімен мүгедек деп танылған азаматтарға, мүгедек тобы мен ауру себебіне байланысты, ең төменгі күн көріс деңгейінің белгіленген коэффициенттері бойынша тағайындалады. Мүгедек танылған азамат жұмыс істейтін болса, әлеуметтік қатерге ұшыраған жағдайда, жәрдемақыға қосымша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан қосымша жұмыс істеу қабілетінің қанша пайыз жоғалтқанына байланысты қосымша жәрдемақы тағайындау қарастырылған.

2) Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы – асыраушысы қайтыс болған отбасының еңбекке жарамсыз, оның асырауында болған мүшелеріне тағайындалып төленетін жәрдемақы. Бұл жәрдемақы асыраушысы қайтыс болған уақыттан бастап 12 ай мерзім аралығында, 18 жасқа толмаған бала санына және арнайы және жоғары оқу орнында 23 жасына дейін күндізгі бөлімде оқыған балаларына тағайындалады. Қайтыс болған адам жұмыс істеп, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қатысушысы болса, онда қордан бала санына қарай қосымша жәрдемақы тағайындау қарастырылған.

3) Жасына байланысты жәрдемақы – бұл жәрдемақы ешқандай еңбек өтілі жоқ азаматтарға зейнеткерлік жасқа толуына байланысты төленетін төлем.

«Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындау дегеніміз қандай жағдайларда тағайындалады?»

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарды немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы

туралы №414-І Заңына сәйкес 1998 жылғы 1 қаңтардағы ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда осы Заңда белгіленген жұмыс өтілі бар адамдарға төленетін ақшалай төлем. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітілетін Өндірістердің, жұмыстардың кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің №1 тізімі бойынша жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыс стажы бар азаматтардың: еркектер – 53 жасқа толғанда және жұмыс стажы кемінде 20 жыл болып, оның кемінде 10 жылын аталған жұмыстарда істегенде;

Әйелдер – 48 жасқа толғанда және жұмыс стажы кемінде 15 жыл болып, оның кемінде 7 жыл 6 айын аталған жұмыстарда істегенде, жәрдемақы тағайындауға құқығы бар.

– Ұлы Отан соғысының қатысушылары, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктері бойынша мәртебесі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының айқындалған Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар;

– Ұлы Отан соғысының мүгедектері, сондай-ақ жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша мәртебесі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңында айқындалған Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

– Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жесірлері;

– Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан хабар шараһсыз кеткен немесе жаралану, контузия алу, мертүгі, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары; бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мем-

лекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары; Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарынан жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары; сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың өсерінен белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасылары;

– қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектерінің әйелі (ері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын өрекет жасаушылардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына» белгісімен марапатталған азаматтардың, жалпы сырқаттанудың, еңбекте мертігудің және басқа да себептердің (құқыққа қарсыларын қоспағанда) салдарынан мүгедек пен танылғандардың екінші рет некеге отырмаған әйелі (ері);

– Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелері Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері, «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағына ие болған адамдар;

– Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 Мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар;

1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-дағы апаттық зардаптарын жоюға қатысушылардың, қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймағының қоныс аударылғандардың өз еркімен кеткендердің және Қазақстан Республикасында қоныстанғандардың қатарындағы адамдар;

– Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасы заңында көзделген жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша төленетін айлық жәрдемақы мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектер, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектер;

– Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтардағы мүгедек балалар.

– Саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар;

– Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар жатады.

«Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе өкеге, бала асырап алушыға, қорғанысқа қамқоршыға жәрдемақы тағайындау».

Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе өкеге, бала асырап алушыға, қорғанысқа қамқоршыға жәрдемақы тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы түрінде ақшалай төлемдер тағайындалады.

«Банкроттың салдарынан таратылған заңды тұлғалар қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау».

Ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек – банкроттың салдарынан таратылған және қызметкерлердің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу үшін жауапты деп танылған заңды тұлғалардың бұрынғы қызметкерлеріне және бұрынғы қызметкердің қайтыс болуы салдарынан зардап шеккен адамдар зардап шеккен адамдар Қазақстан Республикасының азаматтарына зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан зардап шеккен адам 70 жасқа жеткен, бірақ заңды тұлға банкрот деп танылған күннен бастап 10 жыл 120 ай өткеннен ерте емес кейін жүзеге асырылатын ақшалай төлемдер.

«Инфляцияның деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемі».

Инфляцияның деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы және зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемі – инфляцияның деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалған, республикалық бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлем.

«Алтын алқа» «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау.

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы анаға берілетін жәрдемақы.

Медициналық әлеуметтік сараптама жүргізу жұмыстарының сапасын көтеру үшін қандай жұмыстар жүргізілуде?

- Медициналық-әлеуметтік (бұдан әрі-МӨС) сараптама қызметінің құрылымдық жаңғырту тұжырымдамасы қабылданып, ағымдағы жылы әлеуметтік – еңбек саласын цифрландыру және медициналық-әлеуметтік сараптама қызметін модернизациялау шеңберінде пилоттық жүйеде Қарағанды, Қостанай, Ақмола және Батыс Қазақстан облыстарында автоматтандырылған режимде мемлекеттік қызмет көрсету жоспарланып, жұмысын бастады, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша пилоттық жобаға Мақтаарал ауданы «Асықата» және Сайрам ауданы «Қарабұлақ» орталық аудандық емханаларда іске асыру жоспарлануда.

Медициналық – әлеуметтік сараптама қызметінің құрылымдық жаңғырту тұжырымдамасы (бұдан әрі-тұжырымдама):

- 1) Мүгедектігі және еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу тәсілін өзгерту;
- 2) Мемлекеттік қызметті көрсету барысында айқындылықты, қолжетімділікті және сапасын арттыру мақсатында автоматтандыруды дамыту;
- 3) Күәландыратын адамның қажеттілігін анықтауын автоматтандыру және медициналық – әлеуметтік сараптама жүргізу барысында оңалтуды жетілдіру;
- 4) Медициналық – әлеуметтік сараптама қызметінде кадрлық жетіспеушілік, қажеттіліктерінен туындаған.

Мүгедектігі және еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және әлеуметтік қорғау шаралары мен күәландырылған адамдардың қажеттілігін анықтау барысында, сыбайлас жемқорлықтың төуекелділігін төмендету, сонымен қатар объективтілікті, «айқындылықты» және тағайындалған МӨС қызметін жетілдіру тұжырымдаманы дамытудың негізгі мақсаттары болып табылады.

Жоғарыда аталған мақсатқа қол жеткізу келесі міндеттерді:

- 1) МӨС жүргізу барысында ағза қызметтерінің бұзылуын және тіршілік-тынысының шектелу дәрежесін бағалауда айқындылық пен объективтіліктің дәрежесін арттыру арқылы;
- 2) Қызмет ету, тіршілік етуінің халықаралық жіктелу (бұдан әрі - ҚХЖ) жағдайын ескере отырып, МӨС жүргізу және ұйымдастыруға инновациялық жағдай жасауды дамыту арқылы.
- 3) Әлеуметтік және кәсіби оңалту іс-шараларын толық және негізді тағайындалуын

(ұсынылуын) қамтамасыз ету арқылы;

4) Сыбайлас жемқорлықтың төуекелділігін төмендету, сонымен қатар МӨС жүргізуде бақылау және басқару жүйесін дамыту арқылы;

5) МӨС құрылымын шаттық реформаландыруды атқару арқылы, шешуі тиіс.

Ақпараттық жүйені интеграциясын электрондық денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыру бірыңғайлығын (денсаулықтың электронды төлқұжаты, «Емхана» АЖ, «Стационар» АЖ және т.б) МОДҚ және «Е-собес» АЖ-і мен ақпараттарды модернизациялау арқылы МӨС-ке жолдауда мүгедектерді оңалтудың бақылауға дейінгі ақпараттық жүйені дамытуда қажетті қызметтерді іске асыру арқылы шешілейін деп отыр.

Бұл бағытта, науқастың, аурудың қажетті мөлiмeттерi медициналық ұйымдардың ақпараттық жүйесiне жинақталып, енгiзiлуi тиiс. МӨС-ке жолдаманың ұйымдардың ақпараттық жүйесiне жинақталып, енгiзiлуi тиiс. МӨС-ке жолдаманың (088/у нысаны) негiзгi (лабораториялық, функционалды тексеру мөлiмeттерi, стационарлық) емдеу тарихының мөлiмeттерi және т.б реквизиттерi модульдi (автоматты) әдiстерiмен толтырылады. Сонымен қатар, аталған мөлiмeттер, «Астана медициналық университеттi» АҚ – ның физиологиялық нормадан ауытқулар калькулятор арқылы бағаланып, аурудың нозологиялық формаларына сәйкес балл ретiнде есептелiп, бағаланады. Автоматты енгiзiлген мөлiмeттер, оңалту шараларын (техникалық (орнын толтырушы) жабықтар, жеке көмекшi қызметiн, ымдау тiлi маманының қызметiн, арнаулы әлеуметтiк қызмет көрсету және т.б негiздi және дұрыс ұсынуға мүмкiндiк туғызады.

Медициналық-әлеуметтік сараптамаға түсетін әр-бір мөлiмeт, сараптама жүргiзуге дейiн белгiсiз (ЖСН немесе штрих-код) түрде түседi. Медициналық – әлеуметтiк сараптама қызметiнiң құрылымдық жаңғырту тұжырымдамасы, шешiм қабылдауда МӨС мамандарының жеке жауапкершiлiктерiн көтеру арқылы жаңа еңбек ақы төлеу системасын енгiзiп, қорытынды сараптама шешiмi барысында анықталады.

-Мүмкiндiгi шектеулi азаматтарды жалпы, қалай анықтайсыздар? Олардың топтарын өзгертiп жiбердi немесе бұл санатқа биыл кiргiзбей қойды деген халық тарапынан арыз-шағымдар көп. Осы санаттағы азаматтар қалай анықталады?

- Мүмкiндiгi шектеулi азаматтарды Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», 2003 жылғы 25 сәуірдегі «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», 2005 жылғы 7 ақпандағы «Қызметтер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде, оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы», 2005 жылғы 1 сәуірдегі «Мүгедектердің әлеуметтік қорғау туралы» заңдарына сәйкес енгізілген толықтырулар мен өзгертулерге сәйкес әлеуметтік қорғалып келеді.

Қазақстанда жарты миллионнан астам мүгедек бар десек, бұл халықтың 3 пайызынан асып, қазіргі 4,2 пайыздан асып, жығылады. Облысымызда 121,0 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі азаматтар тұрып жатыр. Бұл жерде мәселе олардың санының аздығында, немесе көптігінде емес. Басқадай мәселелер бар. Ол-экономикалық, әлеуметтік мәселелер.

Қазақстандағы жағдай бүгінгі мынадай: мүгедектерге қоғамдық гимараттар, көлік және байланыс құралдары олар үшін бейімделмеген. Мемлекет тарапынан материалдық және әлеуметтік жағдай туғызу үшін көптеген іс-шаралар қабылданғанымен, осы таңға дейін жергілікті жерлерде толық көлемде шешімін таба алмай отыр.

Сонымен қатар, қала, аудандағы жергілікті атқарушы мекемелердің мүгедектер мәселесіне салқын көзқарасы өзгере қойған жоқ.

Өлемнің барлық елдерінде мүгедектерге өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін және олардың қоғамдық өмірге толық араласуына қиындататын кедергілер өлі де бар. Мұндай жағдайда қоғамның міндеті осы кедергілерді жою үшін, қажетті шаралардың қабылдауынан, яғни тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуден тұрады, осының арқасында қызмет көрсету, еңбек қызметі және ақпарат сияқты қоғамның түрлі салалары барлығына, өсіресе мүгедектер мен орта жастағы адам-

дардың қолы жететін болуы тиіс.

Қазіргі таңда, департаментте алғашқы мүгедекке шығу деңгейінің жылдан-жылға өсуі, алғаш рет күәландыруда ауыр (бірінші) мүгедектік топ тағайындалу себептері, қайта күәландыруда-бұрынғы уақыттарда толық оңалтылып, қазіргі таңда қайта күәландырылып ауыр (бірінші, екінші) топтағы мүгедектік тағайындалғандары талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, «Нұр Отан партиясы», облыстық, қалалық (аудандық) мүгедектерді қорғау қоғамы мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен бірлесіп, нысандарға мүмкіндігі шектеулі азаматтарды кедергісіз кіріп – шығуға арналған құрылғылардың сәйкестігі мен сапасы және жұмысқа орналасқан мүгедектердің білімі, денсаулығына сәйкестігі мен олардың әлеуметтік қорғалу дәрежелеріне талдау жүргізілуде.

Қызмет барысында және келіп түскен хаттарды талдай келе, көптеген мәселелер мүгедектік тағайындау, ауру адамның мүгедектікке өту уақытылығы, мерзімі және қайта күәландыру мен оңалту мәселелері көптеп кездесуде.

Осы тұрғыда, біріншіден мүгедек деген ұғымға анықтама беретін болсақ, ол тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне өкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам болатын болса, ауру мен мүмкіндігі шектеулі адамның айырмашылығын түсіндіріп отырудың қажеттігі жоқ.

Ауруларды күәландыру тәртібі, оңалтудың жеке бағдарламасын іске асыру және күәландырудағы туындаған көптеген сұрақтарды шешу мақсатында облыс және аудан, қала көлемінде жарық көретін бұқаралық ақпарат құралдарында көптеген мақалалар жарияланды. Түсінікті болу үшін, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу ережесіне енгізілген толықтырулар мен өзгертулер және оңалту туралы мақала жариялап отырмыз.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.01.2015 жылғы «медициналық әлеуметтік сараптама жүргізу ережесі туралы» N 44 бұйрығымен басқа да бұйрықтарға өзгертулер мен толықтырылулар енгізіліп, мүгедектікті және еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеуді, сондай-ақ күәландырылатын адамның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілігін белгілеуді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама және/немесе медициналық әлеуметтік сараптаманың әдіснама және бақылау бөлімдері медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі - МӨС) жүргізу жолымен жүргізіп келеді.

Медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясы (бұдан әрі-ДКК) адамға, 1) организм функциялары тұрақты бұзылған кезде алғаш күәландыру; 2) қайталап күәландыру (қайта күәландыру); 3) медициналық ұйымдардың дәрігерлеріне консультациялық көмек көрсету мақсатында берген МӨС жолдамасы МӨС жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

Медициналық ұйымдар ауруға, жарақат зардаптарына немесе кемістікке байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларын жүргізгеннен кейін, анатомиялық кемістіктері немесе организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларын жүргізгеннен кейін, анатомиялық кемістіктері немесе организм функцияларының едәуір немесе күрт білінетін бұзылушылықтары бар және оңалту әлеуеті жоқ жазылмайтын ауруларды қоспағанда, уақытша еңбекке жарамсыз болған адамдарды, диагнозы белгіленген сәттен бастап консультацияға жолдамасы бар амбулаторлық-медициналық картасында, медициналық ұйымдардың дәрігерлеріне консультациялық көмек ДКК қорытындысының негізінде жүргізу қарастырылған.

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ аурудан

АЙЫҒУ ТӘСІЛДЕРІ ҚАНДАЙ?



Қазақстанда онкологиялық ауруға шалдыққан науқастарды емдеудің жаңа тәсілдері аталды,- деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрінің баспасөз қызметі.

Елжан Біртановтың айтуынша, соңғы 10 жылда Қазақстанда қатерлі ісік аурулардың өсу үрдісінің 9,5%-ға ұлғайғаны, өлім-жітім көрсеткіші 28,5% - ға төмендегені байқалған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының шеңберінде «Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2018 - 2022 жылдарға арналған Кешенді жоспарының» жобасы әзірленді.

«Кешенді жоспардың мақсаты қатерлі ісіктердің ауыртпалығын төмендету болып табылады. Бұл аталған жоспардың негізгі мақсаттары: профилактиканы дамыту және қауіп факторларын басқару; онкологиялық аурулардың жоғары тиімді ерте диагностикасы; онкологиялық көмек көрсетудің интеграцияланған моделін енгізу; онкологиялық көмекті цифрландыруды, кадрлық әлеует пен ғылымды дамыту», - деді министр.

Кешенді жоспарлауда Астана қаласында онкологиялық көмек көрсетудің үйлестіруші рөлін іске асыратын Ұлттық онкологиялық орталық құру көзделген.

«ТМҚК қызметтерін кеңейтуге бағытталатын Кешенді жоспарды іске асыруға 35,1 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде: халықтың нысаналы топтарын скринингтермен қамтуды ұлғайту арқылы онкологиялық ауруларды ерте анықтауға; диагностика және ісікке қарсы емді бақылау үшін ПЭТ зерттеулері қызметтерін ұлғайтуға; онкологиялық ауруларға күдігі бар пациенттердің диагностикалық қызметтерге (КТ, МРТ) қолжетімділігін ұлғайтуға; қатерлі ісіктерге молекулалық-генетикалық тестілеуді енгізуге; телепатология арқылы диагностиканың күрделі жағдайларына халықаралық консультациялар жүргізуге бағытталады», - деді Елжан Біртанов.

Бұдан өзге, министр онкологиялық ұйымдар үшін орталық цитостатикатты орталықтан сұйылтуға арналған

жабдықтарды сатып алуды жоспарлап отырғанын атап өтті, бұл антисептикалық дәрілерді тиімді, қауіпсіз және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда министрлік медицина саласында IBM Watson for Oncology жасанды зердені енгізу бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Аталған платформа онкологтарға дәлелденген медицинаның негізінде жеке емдеу әдісін ұсынады және онкологиялық сараптауға, шетелдік медициналық әдебиеттерге қол жеткізеді.

Министрдің айтуынша, Кешенді жоспарды іске асыру үшін, жеке инвестициялар тартылатын болады. Осы мақсатта мемлекеттік-жеке-шәкіл әріптестіктің механизмдерін пайдалана отырып, 149 бірлік жабдық сатып алу жоспарланып отыр. Министрлік онкологиялық қызметтің инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстарды қарастыруға және ынтымақтастық қарым-қатынасқа дайын. Осыған байланысты, біздер жергілікті атқарушы органдарды жеке сектормен өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға шақырамыз,- деді Елжан Біртанов.

Министр сөзінің соңында Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде ЭЫДҰ жетекші елдерінің онкологиялық ауруларды ерте анықтаудың негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізілгенін жеткізді. «Бірінші кезекте, жатыр мойны обырының скринингі кезінде обыралды жай-күйді анықтауды 2022 жылға қарай 0,6%-ға дейін және колоректалдық обырды 23,0%-ға дейін ұлғайту; онкологиялық аурулардың ерте сатыларын анықтауды 33,5%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда. Екіншіден, жатыр мойны обырының бастапқы деңгейін 65%-ға дейін, сүт безі обырының бастапқы деңгейін 45%-ға дейін, колоректалдық обырдың бастапқы деңгейін 25%-ға арттыру күтілуде. Үшіншіден, обырдың асқынған нысандарын 7,2% дейін төмендету; онкологиялық науқастардың 5 жылдық өміршеңдігін 60%-ға дейін ұлғайту күтілуде»,- деп өз баяндамасын қорытындылады Елжан Біртанов.

Сары қараған



Күзде жапырақ төгетін бұта тектес өсімдік. Биіктігі 1-2 м. Тамыры жуан, тік сабақтары топтасып өседі, жас бұтақтары тікенді келеді. Жапырақтары шоқтасып орналасқан, қандауыр формалары. Көбелек формалы гүлі сары түсті немесе қанық сары түсті болады. Шоғырланған жапырақтары ортасынан өсіп шығады. Гүл сабағы жіңішке, ұзын болады. Бадана жемісі жалпақтау келеді. Көбінесе тау беткейлерінде, жолдың жағалауларында өседі.

Жинау және өңдеу

Сары қарағанның гүлі және тамыры дәріге пайдаланылады. Тамырын көктемде немесе күзде қазып алып, топырағын тазалап, жас күйінде немесе кептіріп жасайды. Жаздың басында гүлін теріп алып, көлеңке жерде кептіреді. Тамыры дәмді, ұсыз болады.

Ем болатын аурулары

1. Жел-күз қоздырған буын қабынуға 30 г. сары қараған тамырын, 30г. тұт бұтағын, 10 тал пыланды суға қайнатып ішеді.
2. Қан тасығанда 24 сағат қараған тамырын суға қайнатып, аз мөлшерде ақ шекер қосып, үшке бөліп ішеді.
3. Кір келгенде, бой бұзылғанда 24 г. сары қараған тамыры мен 15 г. жаужұмырды суға қайнатып ішеді.
4. Суық жөтелге, әлсіздікке, бала ас сіңіре алмағанда 9 г. сары қараған гүлін жұмыртқаға қосып, пісіріп жегізеді.
5. Ауыз ойылғанда. Сары қараған тамырын суға қайнатып, қайнатпасымен ауызды, тамақты шайқайды.
6. Әлсіздіктен шаршағанда, ісінгенде, омыраудан сүт шықпағанда 60 г. сары қарағанның тамырын суға қайнатып ішеді.

Пайдалану мөлшері:
тамырынан 15-30.
гүлінен 3-15 г.

Алтын тамыр



Бұл-көп жылдық шөп тектес өсімдік. Биіктігі 30-60 см. Тамыры жуандау, етті, ақшыл, сары түсті, жұмыр, кейбіреулері қада төрізді болады. Ұсақ тамырлары тарамдалып өседі, астында жуантық тарам тамырлары

Ескерсең, ем көп

да болады. Сабаққа жалғасқан тамыры мойны қысқа, тік өседі. Жапырақтары қандауыр төрізді, жиектері ара тісті келеді, жапырақ бетінде аздаған түтіктері бар, астыңғы беті түссіз болады. Бес салалы жапырақтың астыңғысы кішкене болады. Жаз күндері гүл ашады, гүлі шатыр тектес болып, сабағы 30 см.ге дейін жетеді. Жемісі дөңгелек, піскен кезде жеміс қабығы қызыл түсті болады. Алтын тамыр жабайы және екпе болып екіге бөлінеді. Тау беткейлерінде, қалың орман араларында өседі.

Жинау және өңдеу

Әдетте, 5 жылдан кейін күз айларында тұқымы қызыл түске енгенде қазып алынады. Ол кезде алтын тамырды шөп арасынан оңай табуға болады. Қазғанда жерді аумақтырақ етіп ойып, ұсақ тамырларына дейін алу қажет.


Ем болатын аурулары

Қуатты арттырады, жүйкені орнықтырады, демікпені басады, төбетті ашып, есте ұстау қабілетін арттырады, белсіздікті жазады, бүкіл дене жасушаларының қызметін қалпына келтіреді.

1. Денеден көп қан кеткенде, жедел және созылмалы науқастардың салдарынан әлсірегенде 25-50 г. алтын тамырды суға қайнатып, күніне екі рет ішеді;
 2. Дәрменсізденгенде, көп терлегенде, ауа жетіспей терлегенде, деміккенде, шаршап деміккенде 3 г. алтын тамыр мен 9г. қасқыржемді суға қайнатып күніне екі рет ішеді.
 3. Денені қуаттандырып, жүйкені тыныштандыру үшін 50-100 г. толымды алтын тамырды 60 пайызды таза ақ араққа шылап, 15 күн жылы орынға қойып, ашығанан кейін, күніне екі рет тамақ алдында 50 миллилитрден ішеді.
 4. Үлкен, жіңішпе буын жамбас ауруларына белгілі мөлшердегі алтын тамырға 0.1 г. құдыр кіндігін салып талқандап, қайнаған сумен күніне бір рет ішеді.
 5. Тері ауруларына алтын тамырдың жемісін немесе жас жапырағын жаншып, сығынды суын денедегі бөрткенге, бетке шыққан безеуге жағады немесе безеуге жағады немесе жапсырады.
- Алтын тамыр - орталық нервті қоздырушы күшті дәрі. Ешқандай кері әсері болмайды. Жыныстық қуатты арттырады. Тітіркендіру арқылы өт сұйықтығындағы билирубинды молайтады. Көздің нұрға сезімталдығын, қараңғыда көру қуатын арттырады.

Пайдалану мөлшері:
1.5-3 г. ең көп дегенде 50 г.

Раушан гүлі



Раушан гүлі-күзде жапырақ төгетін, бұтақ тектес өсімдік. Биіктігі 2 м. Сабағы тік, көп бұтақты, бұтағында үш бұрыш жалпақ

тікендері болады. Жапырағы кезектесіп орналасқан. Бір бұтақта 5-7-жапырақша өседі. Жапырағы ұзын, дөңгелек әрі сопақ формалы, жиегінде ара түстері болады. Гүл жалғыз немесе шоғырланып өседі, гүл тұғыры шайнек формалы немесе дөңгелектеу келеді. Гүлі қызғылт немесе ақ түсті болады. Көп жерлерде қолдан егіледі.

Жинау және өңдеу

Раушан гүлінің гүл шанағы ашылғанда, жинап алып көлеңкеде кептіреді. Тәттілеу, кермек дәмді, сусыз ішеді.

Ем болатын аурулары

1. Жүйкенің әлсіреуінен болған асқазан ауруына, асқазанның қабынуына, 6 г. раушан гүлі мен 9г. тырна гүлді суға қайнатып ішеді;

2. Етеккірдің қалыпты келуіне раушан гүлі мен айгүлден 9 грамнан, өсем саялдан 15 г; суға қайнатып ішеді;

3. Іш қатқанда бог. жас раушан гүлін қайнатып ішсе, ішті босатады, дәретті айдайды;
4. Ауыз қуысы ауруларына кептірілген гүлін шайнауға болады;
5. Ірінді қотыр, жараларға кептірілген раушан гүлін талқандап сепсе, жараны қатырады, шыққан сары суды құрғатады, етті жетілдіреді.

Раушан гүлі қазіргі медицинада дәрі етеккірдің өдеттен тыс көп келуіне, ішек қабынуға, диэнтерияға, дәрілердің дәмін реттеуге, сонымен қатар, өнеркәсіпте хош иісті май, спирт шикізаты ретінде пайдаланылады.

Пайдалану мөлшері:
3-6 г.

Кірпі терісі



Кірпінің өн бойында жиі өскен қатты тікен түктері, бауырында, бетінде, аяқтарында жұмсақ жүндері болады. Егіс алқаптарында, шөптесін сай-салаларда мекендейді.

Жинау және өңдеу

Кірпіні ұстап алғаннан кейін терісін сындырып алып, салқын жерге кептіріп, бірнеше бөліп, талық ұнтағын қосып сарғайғанша қуырады да, ұнтағын елеп алып тастап, салқын жерде сақтайды. Жүнін қырып келтіреді, кермектеу, тәттімді, ұсыз болады.

Ем болатын аурулары

Қан аралас дәрет келгенде, кірпінің терісіндегі тікендерді күйдіріп, қырықбуыннан 15 г. қосып, ұнтақтап, 6 грамнан аш қарынға ішеді.

**Академик
Жасан Зекейұлының
ғылыми материалынан.**

(Соңы. Басы өткен санда) Күн ыстық. Енді Алматыға тартамын. «Қазақ әдебиеті» газетіне орналаспақпын. Әшірбек Көпішовпен хабарласып тұрмын. «Пионер» журналының жауапты хатшысы. Редакторы Фариза Оңғарсынова!-деді ол. -Лениншіл жас газеті не болды? -Жолатпады. Зауқым жоқ. Мен ол газетке ғашық адаммын. Әшірбек Көпішов менің «Лениншіл жастан» кеткеніме ренжіп жүр. Жағдай солай болды. Құман мен Көпенді құдалыққа апармақшымын!-деп Әуез бар сырын ашты. Кешкісін Әуез екеуміз Абай селосын аралап, жаяу жүрдік. Кинотеатрдың директоры Райхан Өскенбаеваның үйінде қонақ болдық.

-Серік менің досым!-деп Әуез мені мақтап отырды.

-Қуаныш Жиенбаев, Ермек Әзімбаевтармен хабарласып тұрсың ба?

-Жоқ.

-Неге!

-Алпысбай Шымырбаевпен хабарласамын!-деді ол.

-Күн ыстық!-деді Райхан Өскенбаева.

-Мен Шаянда өстім. Шаянға жер жетпейді. Шөл дала. Мүлгіген «Қостұра» тауы. Боралдай өзені бар. Аян Нысаналин сол Шаяннан. ҚазГУ-дің ректоры Өмірбек Жолдасбеков Шаяннан. Мен Шаяннан!-деп Әуез мақтанып сөйлейді. Ішкі шерін ақтарды. Көңілі бір орнында емес сияқты.

-Серікті іздеп келдім. Ертеңіне Жетісайға шығарып салдым.

Мен мұнан кейін Әуезге Шымкентте жолықтым. Соңғы кездесуіміз екен...

Атақты Тянь-Шань тау сілемелерінің бір шоқысы Қазығұрттан бастау алатын өзен Келес деп аталады. Аудан өзен атымен аталады. Ежелгі аты «Қошқарата» «Ишан базар». Онан кейін ұлы ақын Құнанбаев Абайдың есімі берілді. Келес ауданның төл перзенттері Пилтен Мамыров пен Рысқұл Махатовалар 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағымен марапатталды. Ұлы Отан соғысында 1186 Келестік жауынгерлер ордендері мен, медальдарға ие болды. 1945 жылы Келестің азаматы Ілесбек Жолдасов Совет Одағының Батыры атанды. Ұлы Отан соғысында от кешкен Келестің азаматы, қазақтың белгілі ақыны Тоқаш Бердияров болатын. Тоқаш жырларының басым көпшілігі өзінің туған жеріне арналады...

-Тоқаш елге келгенде, оның жанында Сабырхан Асанов бірге жүретін. Тұманбай Молдағалиев Тоқаш талантын жоғары бағалайды! - Орынкүл Тәжиева әңгіме айтатын еді. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Әшірәлі Кенжеев осы ауылдың баласы болатын. Әйелі Торғын Тасыбекова екеуі Алматыдан келгенде ел, қуаныш қарсы алатын.

Келес аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Ұлықпан Бөшеновпен көрші тұрдым. Орта бойлы, қою қара қасты, қыр мұрынды жігіт. Мені үйіне шақырып тұрды. Әңгіме айтамыз. Көктем айы болатын. Ұлықпанның үйіне бардым. Кең қақпасын ашып, үйіне кірдім. Үш-төрт адам отыр екен. Төрде орта бойлы, өткір жанарлы, толықша келген кісі отыр. Мен сасып қалдым.

Төрлет, Серік!-деді Ұлықпан. Меймандармен амандастым.

Аудандық «Мақташы» газетінің редакторының орынбасары, жас жазушы Серік Жанәбілов есімді інішек болады!-деп Ұлықпан мені таныстырды.

-Журналист-құрметті мамандық. Ленин өзінің өмірбаянын толтырғанда мамандығын - журналист деп жазған екен! - деді төрде отырған кісі.

Серік! Төрде отырған ағай есімі елге

белгілі Жұмабек Тәшенов болады!-деді Ұлықпан. Тәшенов маған қарап күлімсіреді.

-Кешіріңдер! Үй ішінде жұмысым бар еді! - деп Ұлықпанға қарадым.

-Інім! Кел отыр!-деді Тәшенов.

-Ағай! Сізді көргеніме бақыттымын. Райкомның тапсырмасымен келген едім! - дедім мен. Қатты сасып қалдым... Ұлықпан екеуміз сыртқа шықтық.

-Отырмадың ба? -деді ол.

-Жаңағы кісі Н.Хрущевпен айтысатын Жұмабек Тәшенов не?

-Иә. Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының төрағасы болған Жұмабек Тәшенов деген атақты адам осы. Шымкент қаласында тұрады! - деді Ұлықпан.

-Қандай жақындығыңыз бар?

-Бөшен мен Төшен туысқан адамдар. Мен Бөшеновпын, ол кісі Төшенов. Шардара ауданынан келе жатыр екен. Үйге келді! - деді Ұлықпан. Мен өзімді

бақытты сезіндім. Не сенерімді, не сенбесімді білмедім...

Оңаша ойға беріледі. Абай аудан орталығы. Абай-Ташкент автобусы бар. Кейде Ташкент қаласына барғым келеді.

Шілде айында Келес өзеніне барып, суға шомыламын. Көршім Бақтыбай деген жігіт. Мінезі салмақты. Әйелі Роза ұзын бойлы, ақжарқын мінезді келіншек. Берік есімді ұлын көтеріп жүреді. Келесі көршіміздің аты Райхан. Екі баласы бар. Композитор Шәмші Қалдаяқовтың туған қарындасы. Түрі Шәмшіге ұқсайды. Шәмші анда-санда қарындасын іздеп келіп тұрады. Темекіні көп шегеді. Бір күні далада қарындасын күтіп ұзақ тұрды. Мен далаға шығып, ол кісімен әңгімелестім.

-Үйге жүріңіз? -дедім.

-Райхан жоқ! - деп ол ренжіді. Шаршап тұр екен.

-Шай ішіңіз! -дедім.

-Маған бір кесе әкеліп берші!-деді. Үлкен кесеге шай құйып, әкеліп бердім. Рахаттанып ішіп алды. Алғысын айтты.

-Райханға айтшы! Ағаң келді!-деп.

Мен кеттім!-деді Шәмші. Автокөлігі бар. Өте қарапайым жан. Өзін композитормын деп айтпайды. Үйге келсем радиодан Шәмші Қалдаяқовтың өндері орындалып жатыр екен. Тыңдап отыра бердім...

Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие дегені сол болса керек!-деп Шәкәрім қажы айтқан екен.

Терең ой. «Мақташы» газетінде Шернияз Серімбетов қызмет жасады. Ауыл шаруашылығы бөлімінде тілші болып мақала жазады. Кейде ол кісіні командировкаға жіберемін. Қою қара мұрты бар, ойлы жанарлы кісі болатын. Мұхтар Әуезовтың «Өскен өңір» кітабында жазушы Созаққа барғанда, жанына ілесіп жер тарихын жете түсіндіріп отырған Шерияздан Серімбетовтың бастығымен болдым. Бірде қарт журналисті бөлмеге шақырдым.

-Қандай тапсырмаңыз бар! - деді Шәкәрім.

-Ақсақал, әңгімелесейік. Жақын отырғыңыз, - деп бос тұрған орындыққа отырды.

-Тынышық па? Редактор мені жаман-

дады ма? Жасырмай айта беріңіз. Мен Ленгір ауданында туғанмын. Жаныс деген атадан тараймын. Келеске келгеніме де біраз жыл болды! -деп Ш.Серімбетов ақтарыла сөйлейді. -Шәкәрім аға! Сіз ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың жазған шығармасының кейіпкерісіз. Тарихи адамсыз! - дедім мен.

Шәкәрім ойлап отырып қалды. Өткен шақтың сағыныш самалына бөленгендей болды. «Түсіне қарап, ішінен түңілме»-деген даналық сөз ойыма орала берді...

Мен ол жылдары Созақ аудандық газетінің редакторы болып жауапты қызмет атқаратын едім. Созақ тарихи жер. Маған сол Созақтың тумасы жазушы Төкен Әлімқұлов телефон соқты.

-Шернияз! мен Төкенмін. Аман есен боларсың. Сен Шаянға кел. Мұхтар Әуезовпен бірге жүрмін. Онан кейін Созаққа барамыз. Ел тарихын, экономикасын, бәрін Мұхтар Әуезовты ең бірінші рет Шаяннан көрдім. «Қызыл көпірге» аялдапты. «Қызыл көпірде» екі-үш сағат болыпты. Облыстық комсомол

Мұхтар Мағауин.

-Оқып шығайыншы, - дедім мен.

Шернияз Серімбетовке көрсетпеңізші. Мен екі ай бұрын содан алғанмын. Негізгі - кітаптың иесі Гүләйнә Сәлімбаева. Ол екеуі екі шақтап менің төбемді ояды!-деп Орынкүл өпке бір күліп алды. Ақкөңіл адам еді.

«Алдаспан», «Сол кітап осы күнге дейін менің үйімде тұр. 6 немерем бар. Олар ер жеткен соң «Алдаспан» кітабын оқиды.. Абай ауылында екі жыл тұрдым. Көктем ерте шығады. Аудан орталығында «Ленин жолы» орта мектебі бар. Абайда көп ұлттың өкілдері мекен етеді.

Мен тұрған үйде орыс, грек, татар, өзбек ұлттары мекен етеміз. Көршімнің аты Сабо. Ұлты грек. Әйелі орыс. Сабо қазақша сөйлегенде, өзінді жаңылдырады.

-Сәке! Қазақ халқы үш жүзге бөлінеді. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. Бір заманда Абылайхан басқарыпты. Ол-төре. Шыңғысханның ұрпағы. Мен жақында Лияс Есенберлиннің «Қаһар» деген

Келестегі

кездерім

комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков, Облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Қ.Жарқынбеков «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакторы Ә.Омаров, ақын-жазушылар болды, - деді Шернияз Серімбетов. Жасы ерте тартқан қарт журналистің әңгімесін тыңдап отырдым.

Мені облыстық партия комитеті Келес аудандық «Мақташы» газетіне редактор етіп бекітті. Түрлі себеп болды. Қызметтен кеттім. Кемпірім қайтыс болды. Түрлі себеп!-деді ол. Мұхтар Әуезовке жол Серік болған журналист Шерияздан Серімбетов Созақ, Келес аудандық газеттерінің редакторы болып жауапты қызметтер атқарды. Осындай ағаларымның ақылдарын тыңдап өстім.

Келес ауданын Сарыағашқа екі рет қосты. Ұят емес пе? Келестің өз тарихы, өз мәдениеті бар ерекше өлке. Абай рухы киелі елді қолдайды, - деді қарт журналист. «Мақташы» газетінің, «Әдебиет пен Өнер» бөлімінің меңгерушісі, жазушы Орынкүл Тәжиева еді. Ол-бөлме ішінде бір кітапты қолына алып, оқып отыр екен. Мені көріп, шкафқа тыға қойды.

-Қандай кітап!-дедім мен.

-Бастық інім-ау. Сендер Л.И.Брежневтің кітаптарын елге насихаттаушыларсыздар ғой. Бір жай гана кітап! -деді ол. Кітапты бергісі келмеді. Мен аз тұрып өзімнің бөлмеме кіріп кеттім. Арада екі сағат өткен соң есік қағылды. Тымтырыс болды.

-Кіріңіз, - деп дауыстадым. Бөлмеге есік ашып, Орынкүл Тәжиева кіріп келді.

-Серік-жан. Өзім тығып оқитын өте құнды кітап еді, - деп ол маған шағын кітапты ұсынды. Кітаптың аты «Алдаспан». 1971 жылы «Жазушы» жарық көрген. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы екен. Кітапты құрастырып баспаға әзірленген, алғы сөзін түсіндіріп жазған филология ғылымдарының кандидаты

романын оқыдым. Мықты жазылған. Архивті қайдан алған!-деп Сабо таң қалды.

-Сен қазақша түсінесің бе?

-Қазақ мектебінде төрт жыл оқыдым, кейін орыс мектебін ауысып кеттім.

Абайдың өлеңдері маған қатты ұнайды. Әкесі Құнанбай сұлтан болған екен. Мұхтар Әуезов тамаша жазған. Абайдың аты өлеңмен шықты. Біз Абай ауылында тұрамыз, - деді Сабо. Көршім Бақтыбай-«Абай-Ташкент»-автобусын жүргізеді. Көп сөйлемейді. Есесіне насыбай атады. Футбол жанкүйерлері. «Қайрат пен Пахтакор» командасы туралы айтады. Ал Шәмші Қалдаяқовтың қарындасы Райхан ешкімге жоламайды. Асығып жүреді.

Қазақтың тарихын грек ұлтының баласы Сабо гана жақсы біледі...

Бірде Келеске «Жұлдыз» журналының Бас редакторы Бекежан Тілегенов пен Қалтай Мұхамеджанов келді. Мәдениет сарайында кездесу кеші өтті. Аудандық партия комитетінің хатшысы Сайлаукүл Барахова қатысып, сөз сөйледі. Бекежан аға мені көріп күлді.

-1976 жылы мына жігіттің «Дүрбелең» деген повесін жариялады. Соңы сотқа айналды. Алматыдан қашып кетіп еді. Келеске келіпті! - деп әңгіме айтты.

Мінезі байсалды кісі еді.

-Жазуыңды тастама! Келес ауданы тарихқа бай өлке. Ташкент қаласы жақын. Жақсы азамат болып жүр!-деді Бекежан Тілегенов.

1980 жылы Алматыға оқуға кеттім. Онан кейін Келеске қайта оралмадым. Кейін аудан тарап, Сарыағашқа қосылды. Бірақ... Менің алдымнан Келесте жүрген кездерім кетпей-ақ қойды... Сағынамын..

Серік ЖАНӘБІЛ,
Шымкент қаласының
«Құрметті азаматы»,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі



ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші - қон комитетінің ОҚО бойынша департаменті» басқармасы басшысының міндетін атқарушысы

Марат АРХАРОВ:

БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЕҢБЕК ӨТІЛІ МЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУ ӨТІЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БОЛАДЫ

Куәландыру (қайта куәландыру) куәландырылатын адамның немесе оның заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізіледі және куәландырылатын (қайта куәландырылатын) адамға медициналық ұйымның МЭС жолдамасы (088/у нысаны) ресімделген күнінен бастап, бір айдан кешіктірмей куәландырылуы тиіс. Куәландырылатын адамды тексеру, организм функцияларының бұзылуы мен тіршілік-тынысының, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектеулі дәрежесін бағалау МЭС бөлімі басшысының және кемінде екі бас маманның қатысуымен алқалы түрде жүргізілуі тиіс.

МЭС бөлімінің сараптамалық қорытындысы медициналық айғақтар, организмнің негізгі функциялары бұзылуының және осы Ереженің қосымшаларына сәйкес, тіршілік-тынысы шектелуінің жіктемесі негізінде организмнің жайкүйі мен тіршілік-тынысының, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектелу дәрежесінің кешенді бағасына орай шығарылып, дәрежесіне қарай мүгедек деп танылған адамға бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектік, ал он алты жасқа дейінгі адамға «мүгедек бала» санаты, ал он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамға бірінші, екінші, үшінші топтағы «Мүгедек бала» санаты белгіленеді.

Мүгедектік мерзімдері-он алты жасқа дейінгі адамдарға – байға, 2 жылға, 5 жылға және он алты жасқа толғанға дейін, он алты жастан он сегіз жасқа адамдарға-6 айға, 1 жылға, он сегіз жасқа толғанға дейін, он сегіз жастан асқан адамдарға – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға немесе куәландыру мерзімінсіз мүгедектік он сегіз жастан асқан адамдарға: 1) осы Ережеге сәйкес қалпына келмейтін анатомиялық кемістіктер болған жағдайларда, 2) организм функцияларының тұрақты, қалпына келмейтін өзгерістері мен бұзылулар болған, жүргізілген оңалту іс-шараларын жүргізудің қажеттілігіне байланысты адам мүгедек деп танылған жағдайда, МЭС бөлімі оңалтудың жеке бағдарламасын (ОЖБ) әзірлейді.

Әлеуметтік саладағы мәселелер бойынша Сіздердің тараптарыңыздан бақылау және тексеру жұмыстары жүргізіледі. Осының нәтижесі туралы қысқаша таныстырып өтсеңіз.

ҚР «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының талаптарының сақталуына Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің ОҚО бойынша департаментімен 2018 жылдың I-ші жарты жылдығына барлығы 32 нысанға тексеру тағайындалып, тексеру жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде білім саласы – 3, денсаулық сақтау саласы –5, қоғамдық, әлеуметтік сала-24.

Тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы мекеме басшыларына және жеке кәсіпкерлерге 24 нұсқама беріліп, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 83 сәйкес барлығы 5267,1 мың теңге айыппұл салынып, оның 3102,6 мың теңгесі (58,9 пайыз) өндірілді.

Оның ішінде, мемлекеттік мекеме-25, ірі кәсіпкерлік-4, шағын кәсіпкерлік-3.

**Сұхбаттасқан:
Ұлжан НАУШАБАЕВА.**

Мінез бен интеллект – нағыз білім берудің нысандары.

Ал, сол істердің жүйелік жолға қойылғандығы мен жетістіктері жайында қысқа мақаламызда айттып өтеміз. Сонымен, бүгінде ҚИПХДУ-ндегі оқу, оқу-әдістемелік, басқа да ағымдағы жұмыстардың нәтижелерін атап көрсетеміз.

Білім мен ғылым салаларындағы реформалардың барлығы Қазақстанның жалпыжаһандық кеңістігіне енуі үшін бағытталған. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев барлық қазақстандықтарға айтып жүр. Осы жөнінде «Қазақстан-2050» Стратегиялық даму бағдарламасында Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында, басқа құжаттарда да көрсетілген. Сондықтан, Болон келісім-шартына қол қойған Қазақстан өз білім саласы үшін халықаралық ISO-9001 сапа стандарттарына сәйкестікті аса маңызды деп есептейді. Осы ұстанымдарды ҚИПХДУ-нің оқытушы-профессорлар құрамы толық қолдайды: 2017 жылдан бері университет халықаралық қауымдастығында қабылданған ең жаңа ISO 9001:2015 талаптарымен тестіленді.

Үстіміздегі жылдың өзінде (қаңтар-мамыр айларында) ҚИПХДУ түрлі комиссиялардың сынауларынан төрт мәрте өтіп үлгерді. Олардың қатарларындағы кейбіреулеріне тоқталақ.

Қазақстанда бірқатар мамандандырылған агенттіктер жоғары оқу орындардың іскерлігіне талдау жасап, бақылауда – Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз агенттігі, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА).

ҚИПХДУ дәл осы АРТА-нің тексерулерінен 2017, 2018 жылдарында өткен. Сонымен қатар, өңірдегі басқа жекеменшік ЖОО-дары арасында аккредиттеудің екі бағытынан бірденнен өткен тұңғыш оқу орны болып отыр.

Сол тексерулердің қорытындылары бойынша ҚИПХДУ еліміздің үздік ЖОО-дары қатарында екені анықталды. Баршаға айқын, жақында олардың үздік жиырмалығы да белгіленді.

АРТА-нің Ұлттық рейтингісіне қатысу үшін, республикамыздың 75 жоғары оқу орындары өтініштерін берген.

«ТОР-20»

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК ЖОО

Доктор Мартин Лютер Кингтің білім берудің мақсаттары жөніндегі осы нық сөздері Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар достығы университетінің кіреберісінде алтын әріптермен жазылған. Елдің азаматын, Отан патриотын, биік рухтағы адамды және өз кәсібінің үздік маманын тәрбиелеу -бұл университеттің ұжымы осындай міндеттерді алдына қойған. Игі істер қорытындыларына қалай қол жеткізу, қай әдістермен оқу, ғылым, тәрбие жолдарындағы мәселерге жету жайлы әңгіме ұзаққа баратыны сөзсіз.

тингісіне 6 ұлттық, 21 мемлекеттік, 7 акционерлік және 24 жекеменшік білім ордалары енген.

Бұл Генералды рейтингісінің «ТОР-20»-сы ранжирлеудің тұтамырлы көрсеткіштердің негізгі қорытындыларын қосу әдісімен шешілген.

Сонымен қатар, ҚИПХДУ білім беру бағдарламаларының рейтингісіне де қатысқан. Мамандарды дайындаудың бағыттары бойынша және деңгейлеріне сәйкес, ол келесі бакалавриат мамандықтары еді:

1. 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (8 орын алды);
2. 5В072900 – «Құрылыс» – 11 орын;
3. 5В071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» – 8-ші.

Осы жолмен, ЖОО-дарының түрлі салаларындағы іскерлігін талдайтын АРТА-нің көпвекторлы рейтингісі оқу ордалардың өлеуеті мен ресурстық мүмкіншіліктері жөнінде, олардың болашақтық даму басымдықтары жөнінде толық мәліметтерді қамтып берді.

Биыл өз 20 жылдығын атайтын Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар достығы университеті осы ранжирлеуде өзіндік ардақты орынды алып отыр. Жылдан-жылға ҚИПХДУ-нің рейтингісі өсетініне сенімдіміз.

Қазіргі деңгейге жетуге білім шаңырағындағы құрылтайшылардың ерекшеліктері, ұжымның құштарлығы және осы екі онжылдықта қалыптасқан оқу орданың өзіндік дәстүрлері себеп болды. Әлбетте, студенттер мен магистранттардың жоғары білімдері де өзіндік зор үлесін қосты. Жылдан-жылға университетті сапалы дайындалған жас мамандардың кезекті толқыны бітіруде.

Ұлттық рейтингке қатысу арқылы отандық ЖОО-лар өз позицияларына анықтауға, білім беру қызметтерінің бәсекелестікке қабілетін айқындауға, білім ордасының сапалы жұмыс жасауына, ең бастысы – оқу орнына көптеп білім алушылардың тартылуына және жұмыс берушілердің назарын аударуына, яғни олармен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік алады.

Ал ҚР-2018 Генералды рейтингісіне

Шынайы достарға

Өмірді бірге бастадық. Жас шақты қатар өткіздік, Гүлден өмір жайнай бер. Бақытты күндер көбейсін.

*Қайырмасы
Махаббат дәуренін кешейік,
Шын ғашықтар көбейсін.
Бас ием нағыз достарға,
Достыққа адал болайық.*

*Келші достар бас қосайық,
Сырласайық таң атқанша.
Бірте өткізген талай күндер,
Естелік болып қалсыншы.*

*Қайырмасы
Махаббат дәуренін кешейік,
Шын ғашықтар көбейсін.
Бас ием нағыз достарға,
Достыққа адал болайық*

*Жас ұрпақ сабақ алатын,
Балдәурен сәттер көп болсын.
Пенделікке бой бермей,
Достықты пәк сақтайық.*

Сарманбай ИСАҚ

Тоңазытқыштағы ылғалды кетіру үшін, ішіне тұз салынған ыдыс қою керек. Ақ киімдер, ақ төсеніштер қайнататын суға бірнеше жұмыртқаның қабығын салса, қардай аппақ болады. Ыс дақтарын кетіру үшін, дақтың үстіне лимонды сығып, тұз сеуіп, уқалап жуады. Суреттердің қабырғаға із қалдырмауы үшін, екеуінің арасына жұқа мата қойылады.

Көденізге жарасын

Миксерді тазалау үшін, ыдыс жартысына дейін ұнтақты суға толтырылып, 5-10 секунд іске қосылады. Суын төгіп, тазалап кептіреді.

Бұл заттарды жылтыратады.

Әйнектерді тазалау үшін, сіркелі сумен сүргіледі. Дақ қалса, судың ішіне біраз аммиак салынады.

Үтіктің астын тазалау үшін, аздап сірке суына батырылған мақтамен ысқылау керек.

Киім үтіктеуді оңай ету үшін, және үтіктеу уақытын қысқарту үшін, киім үтіктеу тақтайшасының қабының астына алюминийді фольга қойылады.

Кілемдегі күйік іздерін кетіру үшін, құрғақтай егеуқұм (наждак) қағазымен ысқылап, артынша жуып алуға болады.

Қабырғаға шеге қағылатын орынға айқастырып скоч жабыстырылатын болса, сылақтың жарылуының алдын алады.

Астананың 20 жылдық мерейтойы қарсаңында «Петроқазакстан Ойл Продактс» ЖШС-де - Шымкент мұнай өңдеу зауытында жаңадан салынған RFCC каталитикалық крекинг қондырғысына шикізат қабылданды, деп хабарлайды «ПҚОП» ЖШС Баспасөз қызметі.

Осы уақыттан бастап «Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту және реконструкциялау» стратегиялық жобасы аясында іске қосу-реттеу жұмыстарын аяқтау кезеңі – технологиялық қондырғыларды кешенді сынау жұмыстары басталады.

Шикізатты қабылдауға дейін келесідей үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді:

- су дайындау қондырғысы, БиА сығылған ауа қондырғысы, азот өндіру, бу өндіру қондырғысы және т.с.с. жалпы зауыт шаруашылығы нысандарында іске қосу-реттеу жұмыстары аяқталды;

- технологиялық қондырғыларда жеке сынау жұмыстары, энергоресурстарды қабылдау, реакторлы-регенераторлы және реакторлы блоктарды құра-

ЗАУЫТТЫҢ ЖАҢА RFCC КАТАЛИТИКАЛЫҚ КРЕКИНГ ҚОНДЫРҒЫСЫНА ШИКІЗАТ ҚАБЫЛДАНДЫ

ту жұмыстары аяқталды және барлық тораптарды, блоктарды және жалпы технологиялық жүйені мұқият тексеріп шыққаннан кейін, негізгі RFCC каталитикалық крекинг қондырғысына шикізат қабылдау және Merox, Prime G+, Claus, PSA-2 қондырғыларын қосу туралы жалпы шешім қабылданды.

Қуаты жылына 2 млн. тонна шикізат өңдейтін RFCC каталитикалық крекинг қондырғысы UOP компаниясының (АҚШ) технологиясы бойынша жобаланып, салынды және ол осы кешеннің «жүрегі» болып табылады. Қондырғы ауыр мұнай қалдықтарын өңдеп, сұйытылған газ, бензин және жеңіл газойл сияқты жоғары сапалы бағалы өнімдерді алу үшін арналған.

Жалпы айтқанда, Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасының екінші кезеңі аясында:

- RFCC каталитикалық крекинг қондырғысы;
- Merox көмірсутекті газдарды тазалау қондырғысы;
- Prime G+ бензинді гидрата-



залау қондырғысы;
- Claus күкірт өндіру қондырғысы;
- PSA-2 сутекті тазалау қондырғысы сияқты технология-

лық қондырғылар салынды. Аталған қондырғыларды іске қосу зауытта шикізат өңдеуді тереңдігін жоғарылатуға және сапасы жағынан К4 және К5

экологиялық класына сәйкес келетін автомобиль отындарын – бензин мен дизельді өндіру көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік береді.

Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасын аяқтау 2018 жылдың қыркүйек айына жоспарлануда.


НУМЕРОЛОГИЯ

ҒЫЛЫМЫ СІЗ БІЛМЕЙТІН ҚҰПИЯЛАРДЫ АШАДЫ

Нумерология - ежелден келе жатқан ғылымдардың бірі. Ол жеке тұлғаның өзіне ғана тән мінез, мақсатқа ұмтылыс, күш-жігер сынды қабілеттерін анықтауға көмектеседі. Адамның өзі білмейтін құпияларын да ашуы мүмкін. Оны жүзеге асырып көру үшін, туған күніңізді білсеңіз жеткілікті. Әдетте 1-9 аралығындағы және қосымша 11, 22 сандары арқылы жүзеге асып отырады. Соңғы аталған екі сан ерекше қабілетті, мақсатына жетуде аянбай еңбек ететін жандарға тән.

Оны қалай жүзеге асырамыз? Мысалы: туған күніңіз 23.05.1993. 23=2+3=5. 05=0+5=5. 1993=2+2=2+2=4. 5+5+4=14. 14=1+4=5. Яғни, бізге керекі «5» саны. «1» саны шықса Бір саны тұлғаның тәуелсіздігін, мақсаттарын айқын көре алатындығын білдіреді. Бір уақытта бірнеше тапсырманы орындай ала-

тын күш-жігері бар. Көшбасшылық қасиетке ие. Мақсатына жету үшін, маңдай терімен еңбектенеді. Кемшіліктері: эгоизм, шыдамсыздық және өзімшілдік. Олар ойланғаннан гөрі, әрекет еткенді жақсы көреді. Өз пайдасы үшін айналадағыларды пайдаланудан тайсалмайды. «2» саны шыққан болса Бұл сан



шыққан адамдар барлығымен достық қарым-қатынасты ұстанатын, сабырлы, ұялшақ жандар. Жолдастарының мықты болғандығын қалайтындығы осы қасиеттерінен болса керек. Табиғатынан кез келген кикілжіңді ретке келтіру қасиетіне ие. Топтық жұмыстарда ұнамды қасиеттерімен көзге түсіп, әрдайым сыйпайлық танытады. Әділетті болуды ұнатады.

Ұялшақтықтарының арқасында барша армандарынан бас тартады. Бірақ, өзге тамаша қасиеттерінің арқасында, айналадағы адамдарға үлгі бола біледі. «3» саны шыққан болса, Бұл сан шыққан адамдар тез тіл

табысатын әрі ерекше ойлы болып келеді. Бұл санмен көбінесе суретшілер, ақын-жазушылар дүниеге келеді. Олар өмірден барынша ләззат алып, жақындарына жақсылық жасауға тырысады. Әрдайым өз пайдасын шетке ысырып қоюға дайын. Махаббат пен гадауатқа да берік келеді. Қалай сүйсе, дәл солай жек көре алады. Кез келген қиын жағдайдан фан-

тазияларының арқасында шығып отырады. «4» саны шыққан болса, Бұл санмен дүниеге келген адамдар өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, байсалды жандар. Жұмыста бағалы қызметкерлердің бірі. Сезімдерге көп беріле бермейді, алдына қойған мақсатына жетпей тынбайды. Жеңілтек адамдарды ұнатпайды. Қандай жағдай болмасын, өз шешімдерін өзгертпейтін қырсықтықтары бар. «5» саны шыққан болса, Бұл адамдардың стихиясы – таңғажайып оқиғалар мен тәуелсіздік. Олар спорттың экстремалды түрлерімен, ғылыми-зерттеулермен айналысады. Саяхаттағанды жақсы көріп, сүйіктілеріне көп мән бермейді. Істің шешімін бірден тапқанмен, оны аяғына дейін жеткізбейді. Бостандығын шектейтін адамдармен тіл табыса алмайды. «6» саны шыққан болса, Нумерология ғылымында 6 саны тұрақтылықтың белгісі. Алайда, қай кезде болмасын доминант болуды жөн көреді. Материалдық құндылықтарды екінші орынға қояды. Мұнымен қатар, мансап жолында

үлкен жетістіктерге жетеді. «7» саны шыққан болса, Бұл адамдар өте ұяң. Бір жақты болуды ұнататындықтан, шешім қабылдауда қиналады. Қоғам ортасында қорғаушысының болуын қалайды. Өмірде кемелділікке жетіп, армандарын мақсатқа айналдырады. 7 саны рухани байлықтың белгісі. «8» саны шыққан болса, Бай әулеттің баласы немесе болашақта дәулеті асқан байлықтың белгісі. Көп ақша табу үшін, күні-түні еңбектенуге дайын. Олар үшін атақ пен дәреженің маңызы зор. Төкашпарлық, қаталдық, билік жүргізуге деген құлшынысы көп жағдайда мақсатына жетуге кедергі келтіріп отырады. «9» саны шықса, Бұл сан шыққан адамдар өзгелерге сенгіш, әрдайым қол ұшын беруге дайын жандар. Айналадағыларға үнемі жандары ашып, қайырымдылықпен белсенді түрде айналысады. Өкінішке орай, адамдарды тани алмайды. Ал, сізде қай сан шықты?

Massaget.kz

Жарамсыз деп танылсын

*** «Риф-Лайн строй плюс» ЖШС атына берілген 2007 жылы шыққан зауыт №00754330, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Байжанова Сауле атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №00001470, ОКА 102 Ф маркалы кассалық аппараты, чек кітапшасы, тіркеу картасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Фиркан» ЖШС атына берілген 1998 жылы шыққан зауыт №1050895, ЭКР 2102 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Фиркан» ЖШС атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №410752, Меркурий 130 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Бажимова Сауле Омурбековна атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №0041092, Меркурий 130 Ф маркалы кассалық аппараты, чек кітапшасы, тіркеу кітапшасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «ASCO Pro» ЖШС атына берілген 2013 жылы шыққан зауыт №000001264187, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «ASCO Pro» ЖШС атына берілген 2014 жылы шыққан зауыт №000001305419, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Торгово-производственная компания «Арафат» ЖШС-нің Шымкент қаласындағы филиалы атына берілген 2011 жылы шыққан зауыт №00502979, Меркурий 130 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Фантазия Шымкент» ЖШС атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №аа00494117, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Көркем Құрылыс» ЖШС атына берілген 2008 жылы шыққан зауыт №00408096, Меркурий 130 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Минбаева атына берілген 2007 жылы шыққан зауыт №аа00764237, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, чек кітапшасы, тіркеу картасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Баймұратов атына берілген 2007 жылы шыққан зауыт №аа00772286, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппаратының чек кітапшасы, тіркеу картасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Карабаева атына берілген 2011 жылы шық-

қан зауыт №00885784, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, тіркеу картасы, чек кітапшасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Карабаева атына берілген 2013 жылы шыққан зауыт №01285300, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, тіркеу картасы, чек кітапшасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Дүйсебаев атына берілген 2005 жылы шыққан, зауыт №аа00228086, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «As Ser» ЖШС атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №568, ОРИОН – 100 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «True Food Group» ЖШС атына берілген 2016 жылы шыққан зауыт №0490316, АУРА-01 ФР маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Конишевский Дмитрий Борисович атына Шымкент қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, №719 гараж берілген техникалық төлқұжаты, №23369 жылжымайтын мүлікті заңдастыру жөніндегі комиссияның шешімі, №45250 қабылдау туралы куәлік, №102780 ПБВЗ актісі, №2/4842 жерді жалға алу туралы типті келісім-шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Бекбосын Ұлан Ғалиұлы атына М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нен 5.06.2018 жылы берілген ЖБ-Б №1302819 диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Джей ти ай Казахстан» ЖШС атына берілген тіркеу №Ноз0605А, ВК №00002542 көлік құралының тіркелу куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Макридина Татьяна Александровна атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №3099, XpressSolutions маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жаптаев Олжас Айтбаевич атына ОҚО ИМ-нен берілген қызметтік куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Норматов Мурат Елдашович атына Шымкент қаласы, Абай даңғылы 33 «Б», 16 пәтерге берілген құжаттар жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Нуритдинов Гулнар Ахметқызы атына берілген «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Тағай-Ата» ЖШС атына берілген мөр, құрылтай құжаттары, 2012 жылғы есепкісап құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Айдаров Медеубек Тухтарбай атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



РАХИМА ПЛАЗА

сауда ойын-сауық орталығы

Заманауи үлгідегі базасы арзан сауда орталығы

- Балалар үшін керемет демалыс орын
- Ерлер, әйелдер және балалар киімдері
- Дәріхана мен асхана
- бесікарбалар мен велосипедтер
- бөлме гүлдері мен картиналар
- алуан түрлі ыдыстар, астаулар



Мекенжайы: Шымкент қаласы, «Нұрсәт» м/а.

Открылось наследство

*** Умерла Абдукаримова Орынкуль Махамбетжановна. Дата смерти: 17.06.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сейсенбаевой Н.М. по адресу: г. Шымкент, ул. Бейбитшилик угол улицы Желтоқсан. Тел.: 8 701-435-64-40

*** Умер Биалиев Онгарбай. Дата смерти: 26.02.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаевой Р.К. по адресу: г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г. Тел.: 8 701-741-27-45

*** Умер Хан Вячеслав Петрович. Дата смерти: 19.06.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тен.С.К. по адресу: г. Шымкент, пр. Республики, 1. Тел.: 8 701-740-78-80

*** Умерла Салиева Айганыш. Дата смерти: 10.04.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Султанбекова Е.Т. по адресу: г. Шымкент, ул. Г.Ильяева 4-41, тел.: 8 701-718-10-49

*** Умер Косахбаев Танирберген Усипбаевич. Дата смерти: 20.05.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Абеновой Г.А. по адресу: г. Шымкент, мкр. Нурсат, 24/1. Тел.: 8 702-995-12-44.

*** Умер Мирхакимов Бахтияр Еркенбаевич. Дата смерти: 05.02.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. по адресу: г. Шымкент, мкр. Отрар 59-26, тел.: 8 778-402-83-83

*** Умерла Усаева Райхан. Дата смерти: 28.12.2017 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Копбаева К.Н. по адресу: г. Шымкент, с. Аксукут, ул. Абылайхан, 77.

*** Умер Абдукаликов Эрмакбай Аширбаевич. Дата смерти: 30.05.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кунанбаевой Г.Т. по адресу: г. Шымкент, ул. Г.Ильяева, 22-1. Тел.: 8 701-328-64-22

II категориялы ЖШС 4 га жерімен, өндірістік базасымен, құрылыс техникасымен сатылады.

Тел.: 8(7252) 50-06-69, 8 701-734-25-54

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58, 8 702-243-45-54, 8 771-670-72-37

«Айғақ» республикалық газетінің ұжымы белгілі журналист жазушы Жеңіс Баһадүрдің ұлы

Балабидің

мегізсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Айғақ» телеарнасының ұжымы белгілі журналист жазушы Жеңіс Баһадүрдің ұлы

Балабидің

мегізсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Айғақ» телеарнасының ұжымы «Қазығұрт тынысы» газетінің директоры – бас редакторы Дәрменбай Шәріпке әкесі

Әлімқұлдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

«Айғақ» республикалық газетінің ұжымы «Қазығұрт тынысы» газетінің директоры – бас редакторы Дәрменбай Шәріпке әкесі

Әлімқұлдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

М.Мәметова атындағы №35 мектеп ұжымы мектептің математика пәні мұғалімі Тәжібай Гүлжахан Бұхарбайқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

О ликвидации

*** ТОО «Алтын жол kz» (БИН 0701400-10151) объявляет о своей ликвидации. Все претензии принимаются в течение месяца по адресу: г. Шымкент, Сайрамское шоссе б/н.

Профессиональный ремонт

стиральных машин только автоматы

Качественно! С гарантией!

Тел: 56-75-03, 8-777-356-34-95



Жер телімі сатылады (фундаменті бар, қоршалған).

Пахтакор-2

Тел.: 8 778-818-09-89